

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТУСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ
ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ ЖӘНЕ ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 163 (9481) || 1954 жылғы 17 август Сейсенбі

Шығуына 35 жыл
жеке саны 20 тыйын.

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ (1-бет).
ЕГІН ЖЫЙНАУ МЕН АСТЫҚ ДАЙЫНДАУ ҚАРҚЫНЫ ТЕЗДЕ-
ТІЛСІН: К. Есімов.

—Астық тасқыны. Т. Кәдіров.—Астық үшін күреске бас-
шылық нашар. Д. Сарынов.—Патриоттық бастамаға іспен жа-
уап береміз (1-бет).

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ: П. Иванцов.—Басшылықтың бюро-
краттық-кеңесшілік әдісі орын алған жерде (2-бет).

Ә. Мұхаметов.—Табысқа тоқмейілеу неге әкел соқты?
(2-бет). ТРАКТОР БРИГАДАЛАРЫНЫҢ БРИГАДИРЛЕРІНЕ КЕ-

НЕС: В. Ли.—Трактор бригадаларындағы жұмысшыларға ең-
беақы төлеу (2-3-беттер).

ҚОҒАМДЫҚ МАЛ ҮШІН ЖЕМШӨП МОЛ ДАЙЫНДАЛСЫН:
Ж. Амантаев.—Қарғын төзімсіз бағу. З. Федоров.—Мал ферма-
ларында еңбек ұйымдастыру ісі жақсартылса екен. Б. Жақы-
пов.—Қой шаруашылығы өркендеген колхоз (3-бет).

Р. Бергельсон.—Мектебіміз жаңа оқу жылына әзір (3-бет).

М. Байқанов.—Жас бөбектер тәрбиешісі (3-бет).
Редакцияға хат (3-бет).
Шетел хабарлары (4-бет).

Астық тапсыру графигін мүлтіксіз орындау—заң

Коммунистік партия мен Совет Үкметі социалистік ауыл шаруашылығын өркендетудің шұғыл міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін ауылшаруашылық өндірісінің бірден-бір негізі болып табылатын астық өндірісінің онан әрі, неғұрлым тез өркендеуін қамтамасыз етудің маңызы зор. Өйткені, мұның өзі біздің елімізде халықтың астық жөніндегі өсіп отырған керектерін қанағаттандыру үшін ғана емес, сонымен қатар мала шаруашылығын тез өркендету үшін және техникалық дақылдар өсіретін аудандарды астықпен жабдықтау үшін де өте қажет.

Быйыл облысымыздың колхоздары мен совхоздары партия мен үкметтің күнбе-күнгі зор қамқорлығына сүйене отырып, тың және тыңайған жерлерді игеру есебінен егіс көлемін анағұрлым ұлғайтты. Жерді жырту, ауыл шаруашылық дақылдарын егу, егісті күтіп-бантау жұмыстарына ғылым мен озат тәжірибелердің табыстарын кеңінен қолдана отырып, егіннің бітік өсірілуін қамтамасыз етті. Көзір колхоздар мен совхоздардың егіншілері бітік өскен егінді жыйнау мен астық дайындау жұмыстарын жүргізуде.


Алдыңғы қатарлы шаруашылықтар егін жыйнау, бастырылған астықты тазарту, кентіру жұмыстарын үлгілі ұйымдастыра отырып, алғашқы күннен бастап мемлекетке міндетті түрде астық тапсыру жөніндегі күндік және бескүндік тапсырмаларды толық және асыра орындап келеді. Мәселен, Петропавл ауданының колхоздары август айының алғашқы онкүндігінде мемлекетке астық тапсырудың графигін 667 процент орындады. Бұл онкүндікте ауданның Ворошилов атындағы, Чапаев атындағы, «Луч Ленина» және «Красный пахарь» колхоздары мемлекетке астықты белгіленген мөлшерден анағұрлым көп тапсырды. Сол сияқты, Приешім, Мамлют аудандары колхоздарының егіншілері егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарын бір-бірімен ұштастыра жүргізе отырып, күндік және бескүндік тапсырмаларды ойдағыдай орындап келеді.

Дегенмен, облыс колхоздары мен совхоздарын тұтас алғанда, мемлекетке астық тапсыру жөніндегі графигердің орындалу барысы қанағаттанғысыз болып отырғанын жасыруға болмайды. Бұлаев, Совет, Бонюхов, Соколов аудандарының егіншілері зерттеу жұмыстарына қатына-
стық дайындау жұмысының ойдағыдай жүргізілуі көп жағдайларда дайындау орындарының колхоздар мен совхоздардың астығын қабылдау үлгілі әзірлігіне байланысты. Осыған қарамастан облысымыздағы кейбір элеваторлар мен астық дайындау пункттерінің басшылары жаңа егіннің астығын қабылдауға әзірлікте елеулі кемшіліктерге жол берді. Мұның өзі колхоздар мен совхоздардан әкелінген астықты қабылдау жұмысында кейбір қиыншылықтарды туғызып отыр. Элеваторлар мен астық қабылдау пункттерінің басшылары астықты қабылдау ісін тездетуге барлық мүмкіншіліктерді жұмылдыруға міндетті.

Мемлекетке астық тапсыру жұмысын үлгілі жүргізуде МТС-тердің, колхоздардың, совхоздардың және облыстық автомобиль басқармасының қамтуындағы автомобиль парктарын да астық тасуға кеңінен пайдаланудың маңызы зор. Дегенмен, бірқатар колхоздарда жүк автомашиналары күні осы уақытқа дейін астық тасуға әзірленбеген. Ал, облыстық автомобиль басқармасының кейбір автороталары да жүк автомашиналарын колхоздардан дайындау пункттеріне астық тасу үшін пайдалануға әзірленбеген. Мәселен, Петропавл авторотасының 117 жүк машиналарының небары 62-і ғана жұмыс істейді.

Астық дайындаудың күндік, бескүндік графигерін әрбір колхоз бойынша толық орындап отыру —бұлжымас заң. Сондықтан бұл жұмысқа жергілікті партия, совет ұйымдары, МТС, колхоз, совхоз басшылары мен астық дайындау орындарының қызметкерлері барлық күш-мүмкіншілікті толық пайдалана отырып, астық тапсыру жөніндегі тапсырмалардың күнбе-күн толық және асыра орындалуын қамтамасыз етуге міндетті. Аудандық партия комитеттері мен Совет атқомдері, сол сияқты, дайындау органдары мемлекетке міндетті түрде астық пен майлы дақылдар тапсырудың тұрақты гектарлық нормаларын, МТС-тердің жұмысы үшін заңтай ақы төлеудің берік мөлшерлерін колхоздарға уақытылы жеткізіп, міндетті түрде астық тапсырудың аудандар бойынша белгіленген нормалары мен заңтай ақы төлеудің берік мөлшерлерінің орындалуына қатаң бақылау жасап отырулары керек. Дайындау органдарының қызметкерлері астық тапсыру, МТС-тің жұмыстары үшін тапсырылған

Егін жыйнау мен астық дайындау қарқыны тездетілсін



Біздің облысымызға Украинадан, Ростовтан және басқа да облыстардан комбайншылар өз қоймаларымен Суретте: Петропавл станциясының жоғары бөлімінің бастығы М. Романов және аға жүк өлшеуші А. Паченко. Екінші суретте жаңадан

Ростовтан және басқа да облыстардан келуде. Солның товар түсіріп алатын алаңы. Солның жоғары бөлімінің бастығы М. Романов және аға жүк өлшеуші А. Паченко. Екінші суретте жаңадан

егін жыйнауға көмектесу үшін бірнеше жақтағы бірінші суретте товар алаңы Платошн жаңадан келген комбайндар 19 жұмыс күні ішінде 570 гектар алаң келген комбайндарды Пушкин атындағы Суретті түсірген А. Розенштейн.

Астық тасқыны

Жаздың жайдары осы бір самал желіне кеудемізді төсей келе жатқан бізге алдымыздағы зәулім көк үй басқа үйлерден ерекше көрінеді. Оның жанында топ-топ адамдар. Жақындаған сайын ол адамдардың жарқын әзілі, жайдары күлкісі, сүйкімді үні бірте-бірте анық естіле бастайды.

Бұл зәулім үй Петропавл элеваторы еді. Өлгі естілген сүйкімді үн осы элеваторға астық тапсыра келген колхоз жастарының, МТС, совхоз механизаторларының үні екен. Элеватордың көлемі тіпті кішігірім заводтан кем түспейді. Қағарқатар салынған астық қоймалары кең даланы алып жатыр.

Осы толып жатқан механизмдерді бақылап, жүргізіп жүрген жеті-ақ адам. Егер сол саратта ғана элеваторға әкелінген астықты не шелектен, не қаптан түсірсен жүздеген адам керек болар еді.

Жұмыс жайын көруге келген элеватор директоры Ефим Васильевич Котов бізбен

ге машина да жарайды, маған да сеніңіз, —деп күлімсіреді.

Біраздан соң тағы да астық тиелген екі ауыр салмақты машина, лаборатория жанына келіп тоқтады. Әдеттегідей лаборантка Александра Тетренова машина үстіне қарғын шықты да, өлшеуіш қалақшаға бидайды толтырып алып Лидия Васильевнаға ұсынды. Лидия Васильевна алынған бидайды анализден өткізді де ренжігендей пішіммен шофердің қасында отырған орта бойлы, қызыл шырайлы кісіге қарап:

—Раздорский жолдас, астығыңыз 22 процент ылғалды болғандықтан қабылдай алмаймыз, —деді. Өлгі кісі «Неге қабылдамайсыз, астық таза, аздап ылғалды болмаса» деп күйіп-лісті. Бірақ, Лидия Васильевна өз сөзінен қайтпады.

Бұл жағдайға таң қалған біз, кабина ішінде отырған шофермен сөйлесіп, анығын білмек болдық. Шофер Геннадий Александрович Чапкин өзінің Свердловск облысынан біздің облысқа жолдастарымен

сіздерге мынаны айтайын. Біздер сол колхозда Маша Казакова дейтін бір колхозшының үйінде тұрамыз. Кеше ол кісі колхозда астық жыйнау жұмысы қызу жүріп жатқанда қырманға бармай, күні бойы жидек теруге кетіп қалыпты. Ал, осындайлар аз емес.

—Оне, —деді тағы да шофер одан әрі. —Раздорский жолдас, астық өзі де келе жатыр. Ол колхоз бастаушы партия ұйымының секретары. Өлгінде астығымызды қабылдамады деп лаборантқалардың үстінен шағым айтуға басшыларға кеткен болатын. Колхоздағы бұл жағдайлар оның ойына да кіріп шығар емес. Осында жолжәнекей ішүмен болды. Байқаймысыз, өзі қып-қызыл мас, —деп Геннадий Александрович— әңгімесін аяқтады.

Бұл сөзді оның жолдасы шофер Алексей Григорьевич Зимин де «не солай» деп қуаттай түсті.

Екі көзі қызарған, терлеп-тепшіген Раздорский:

—Кеттік, астығымыз қабылдамайтын болды, өйтеуір келерміз. —деді де кабинаға

Патриоттық бастамаға іспен жауап береміз

Жақында Ленин ауданындағы «Новый путь» колхозында жұмыс істеп жүрген Образцова МТС-нің комбайншылары Галкин, Харушин жолдастар өздерінің алғашқы екі-үш күндік жұмыстарына қорытынды жасай отырып, «Сталинец-6» комбайнымен күн сайын кемінде 30 гектар егін жыйнауды ұйғарды. Сөйтіп, ауданның барлық комбайншыларын күндік тапсырманы 2—2,5 есе артық орындауға және астықты неғұрлым көп бастыруға шақырды.

Галкин, Харушин жолдастардың бұл бастамаларын мен өте қанағаттанғандықпен қолдаймын. Өйткені, комбайн—алтын машина. Оны техникалық жағынан жақсы күтіп, егін жыйнауға өнімді пайдалана білсең, оның күші ұшан-теңіз. Мен «Сталинец-6» комбайнымен «Орталық» колхозында (Ленин ауданы) жұмысқа кіріскен алғашқы екі күнде 70 гектар күздік бидай ордым. Соның өзінде, бұл күндері кейбір кемшіліктердің көздерінен жұмыс уақытын толық пайдалана алмадық. Егер, агрегаттың күніне тоқтаусыз 18-20 сағат жұмыс істеуіне жағдай жасалса, онда күн сайын 30 гектар емес, онан да жоғары көрсеткішке жетуге болады.

Мен Галкин, Харушин жолдастардың шақыруын қарсы алып, 20-жұмыс күні ішінде осы «Орталық» колхозының 750 гектар егін жыйнап, кемінде 7000 центнер астық бастыруға және 5 процент жанар май үнемдеуге міндеттен алдым. Бұл міндеттемені орындауға біздің агрегатта толық мүмкіншілік бар.

Комбайнның қуатын өнімді пайдалану агрегат мүшелерінің машинаға техникалық күтімді уақытылы және ұқыпты жасауына, жұмыс уақытын дұрыс пайдалануына, іс үстінде олардың өз міндеттерін ұқыптылықпен атқаруларына байланысты екені сөзсіз. Біз өз агрегатымызда жұмысты осы тұрғыда ұйымдастырып отырмыз. Бірақ, жоғары көрсеткішке жете беруіміз үшін бұл жеткіліксіз. Бізге МТС пен колхоз басшылары тарапынан күнбе-күн басшылық көмек, қамқорлық керек. Міне бізде осы жағы әліде өз дәрежесінде емес. Мәселен, біздің агрегатта комбайнға керекті қосалқы бөлшектер жеткіліксіз. Ал, МТС-тің жылжымалы мастерскойы, механиктері өте сирек келеді. Егін жый-

уір уақыт өтті. Бұл аудандардың қай колхоздарының болсын қырманда мыңдаған пұт жаңа егіннің астығы жатыр. Бірақ, МТС, колхоз басшыларының егін жыйнауға әзірлікті нашар ұйымдастыруының салдарынан алғашқы бастырылған астық қолма-қол тазартылып, дайындау орындарына жөнелтілмей келеді. Мәселен, Конюхов ауданындағы «Жаңа тұрмыс» колхозының қырманда 500 центнерден астам астық тазартылмастан жатыр. Колхоз басшыларының бастырылған астықты тазарту жұмысын нашар ұйымдастыруынан бұл колхоз әлі күнге дейін мемлекетке астық тапсыру жұмысына қатыспай келеді. Сондай-ақ Совет ауданындағы «Красное поле», «Қазақстанның 30 жылдығы», «Новый быт», «Красный полтавец» колхоздары да бастырылған астықты тазарту жұмысын нашар ұйымдастырудың салдарынан мемлекетке астық тапсырудың күндіз және бескүндік графиктерін орындай алмай отыр.

Бұл аудандарда егін жыйнау мен мемлекетке астық тапсыру жұмыстарының нашар жүргізілуінің басты себебі партия, совет ұйымдарының және ауылшаруашылық органдарының шаруашылыққа нашар басшылық етуінен болып отыр. Аталған аудандардың партия комитеттері мен Совет атқомдері егін жыйнау, астық дайындау жұмыстарына күш-мүмкіншілікті толық пайдалану жөнінде МТС пен колхоз басшыларына қатаң талап қойып отырған жоқ.

Украин жазушысы П. С. Козлонюкті Ленин орденімен наградтау туралы

ССРО ЖОҒАРҒЫ СОВЕТІ ПРЕЗИДИУМЫНЫҢ УКАЗЫ

Украин совет әдебиетіне сіңірген еңбектері үшін, туғанына 50 жыл толуына байланысты украин жазушысы мен наградталсын.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Председателі **К. ВОРОШИЛОВ.**
ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Секретары **Н. ПЕГОВ.**

Москва, Кремль,
14 август, 1954 жыл.

Ұмытылмыс кездесулер

ОРАЛ. (ҚазТАГ). Бүкілодақтық ауылшаруашылық жәрмесіне барған Батыс Қазақстанның бір топ колхозшылары мен ауылшаруашылық мамандары Москвадан қайтып оралды.

—Москвада болған күндеріміз,— дейді Жымпиты ауданының Калинин атындағы колхозының аға шопаны, Социалистік Еңбек Ері Нұрғали Қолғанов,—ешуақытта да ұмытылмайды. Көрме біздің ой-өрісімізді байыта түсті, біздерді көптеген жаңалықтарға үйретті. «Мал шаруашылығы» павильонында мен Ставрополь өлкесінің «Большевик» совхозының атақты қой өсірушісі Д. Харченкомен таныстым. Оның отарындағы әрбір қойдан жыл сайын алты килограмнан аса биязы жүн алынады. Харченко жолдас биязы жүнді қой өсірудің тәжірибесімен ауысты.

Зеленов ауданының Фрунзе атындағы артелінің бұзау бағушысы Евдокия Шерявскова Москва іргесіндегі «Горки-П» совхозындағы бұзаушы Селютин жолдаспен дос болды. Бұл екі бұзаушының еңбек жағдайында көптеген ортақ істер бар. Селютин 17 жылдың ішінде екі мың бұзау өсірді, оның әрқайсысы тәулік сайын орта есеппен 800-900 грамм салмақ қосты. Шерявскова 14 жылдың ішінде бір жарым мың бұзау өсірді, оның әрқайсысы тәулік сайын орта есеппен мың граммнан салмақ қосты.

Көрмеге барып қайтқандардың қатарында Теректі ауданының Мичурин атындағы колхозының жас сауыншысы Зоя Гальчанская, Социалистік Еңбек Ері жылқышы Орынғали Ермашев және басқалары бар.

амандасты да «Хол» дегеннен кейін од әлеватор алдына келіп қалған көп машиналарды нұсқай күлімсірей сөйлен:

—Қараңыздаршы, қызу еңбек басталды деген осы емес пе, машина соңынан машина жаңа астықты тиен алып тек-легімен келуде, бұл машиналар лезде-ақ босатылып кері қайтады, оны босататын мына механизмдер,—деді.

Оң жағымызға бұрылып қарасақ бидай артқан ауыр салмақты 89-17 номерлі автомашина үлкен тас жолдың қыйыршақ құмын жанына түсіріп, әлеватор қақпасының алдына келіп тоқтады. Ондағы шофер маңдай терін бір сүрттіп алды да кабинадан секіріп түсті. Ол кідірмей астық тазалығын байқайтын лабораторияға бет алды.

—Сәлеметсіз бе, Лидия Васильевна, алыс жолдан жаңа астықпен келіп тұрмын, бидайымның анализ алып, қоймаңызға төгуге рұқсат етіңізші,—деді шофер лаборатория үйінің жанында тұрған әйелге.

Жөн сұраса келсек, ол 200 километр жол жүріп, Октябрь ауданы, «Щит» колхозының қырманнан астық тиен әкелген таңдаулы шофер Николай Иванович Воробьев болып шықты. Николай Иванович әлеваторға күніне 260 центнер астық жеткізеді екен. Машина қалай деген директорға ол:

—Мотор даусын байқағыз ба, бабын да, қоймаңыз жетсе астықты әкеле беруді

бірге астық жыйнауға көмекке келгені, кәзір Пришим ауданы, Ворошилов атындағы колхоздан астық тасып жүргенін айтты.

Астықтарыңызда сонна ығал болуына не себеп болды?

—Ығал болмай кәйтсін, колхозымыздың қырман қалай болса солай ұқыпсыз жабықталған, төбесі ашық. Жауын болса су болмаған дән қалмайды. Бидай тазалайтын астық пульті күні бойы әкі сағат жұмыс ітесе, қалған уақытқа жарамсыздықтан босқа тұрады. Соған соң жұмыс машина орнына қолмен іттеледі. Астық кептіргіш дұрыстап салынбаған.

Ол астық кептіргішті неге іске қоямайды?

—Оны іске қосу қыйын емес, бірақ колхоз председателі Кузьма Степанович Белоусов жолдас қырман орналасқан жердің қыртысы өте жұмсақ, сондықтан астық кептіргіштің астына жақсы фундамент керек, ол бізде жоқ, деп сылтаулатады. Қалай айтса, олай айтсын, айналып келгенде жақпаулықтың салдары ғой деймін бұл. Егінді органымызға да бірнеше күн болып барады. Ал, біздің әлеваторға келіп тұрғанымыз бірінші күн ғана. Қырманда бидай тау-төбе болып үйіліп жатыр. Онда 10-15 адам ғана жұмыс істейді. Еңбек тәртібі өте нашар.

—Басқа адамдары қайда?

—Қайда болушы еді. Мысал ретінде

отырып алып, келген жолымен қайтып отырды.

Бірақ, әлеваторда еңбек қарқыны қызулы. Жаңағы екі машина болмаса, басқа ағылып келіп жатқан машиналардың барлығының да сапары сәтті болып жатыр.

Біздер одан әрі механизмдерді жөндейтін цехқа бет алдық. Ефим Васильевич бізбен жүре сөйлесіп, әлеватордың жалпы жағдайы жөнінде қысқаша әңгімеледі.

Әлеватор екінші тоқсанда,—деді ол,—жоспарды 231 процент орындап, еңбек өнімділігін 138 процентке жеткізді. Коллективіміздің ішінде таңдаулы мінсіз сапалы өнім шығаратын адамдар да көп. Біздегі 9 бригаданың үшеуі мінсіз сапалы өнім беретін бригада деп аталса, ал қалған 6 бригада нормаларын үнемі асыра орындап келеді. Бұлардың ішінде Резов, Князев, Степанов, Евсеев сыяқты жолдастар бірнеше жылдан бері Құрмет тақтасынан түсіп көрген емес,—деп сырттай озаттармен де таныстырып өтті.

Бұл күні біз әлеватордың жұмысшылары арасында социалистік жарыстың көді өрістетілгендігін, нормасын асыра орындамайтын бірде-бір жұмысшының жоқ екенін көрдік. Осының нәтижесінде үздіксіз келіп жатқан машиналардың бөгетсіз босатылып, астық тасқынының өрістей түскенін байқадық.

К. ЕСИМОВ.

Астық үшін күреске басшылық нашар

мөйіндайды. Бұл колхозда жабық қырманда, астық тазартқыштар дайын болмай, астық тазарту жұмысы ұйымдастырылмағандықтан алғашқы бастырылған астықтар ашық далада жатып, қызып бүліне бастаған.

«Путь Ильича» колхозындағы № 20 трактор бригадасының егін участютері әлі пісіп жетіле қойған жоқ. Ал, осы колхоздағы № 16 трактор бригадасының егін участютері жаппай пісіп тұр. Сондықтан Полудень МТС-нің басшылары № 20 трактор бригадасының қамтуындағы комбайн агрегаттарын № 16 бригаданың егін жыйнауға көмекке жіберуді ұйғарды. Бірақ, колхоз председателі Сибатуллин № 16 бригадала келген комбайн агрегаттарын жұмысқа пайдаланбастан, кері қайтарып жіберді.

Жоғарыда егін жыйнаудың барысы Ново-Георгиев МТС-нің қамтуындағы колхоздарда да нашар дедік. Бұлардағы жұмыстың нашар жүргізілуінің де басты себебі МТС пен колхоз басшыларының егін жыйнауға жан-жақты әзірлікпен келуді қамтамасыз етпеуі болып отыр. Мысалға мынадай бір фактыны алайық: «Прогресс» колхозының даласында МТС-тің 5 комбайны егін жыйнап жүр. Олардың бәрі де жұмысты бұдан бір апта бұрын бір күнде бастағанды. Осыған қарамастан комбайншылардың еңбек өнімділігі бірдей емес. Комбайншы Тихонов жолдас «Сталинец—6» комбайнымен күндік

тапсырмасын үнемі асыра орындай отырып, 124 гектар егін жыйнаса, осындай комбайндармен Карабейников, Скутин, Чичла жолдастардың әрқайсысы 34 гектардан ғана егін жыйнады. Ал, комбайншы Володин «Сталинец—6» комбайнымен осы уақыттың ішінде небары 7 гектар егін жыйнады. Комбайн қуатының осынышама нашар пайдаланылуы салдарынан колхоздағы 400 гектар күздік бидайдың 150 гектары әлі күнге дейін жыйналмай тұр.

Комбайндардың техникалық жарамсыздықтан жұмысқа өнімсіз пайдаланылып отыруы МТС басшыларын абыржытар емес. Ал, колхоз председателі Волошенко жолдас «егін жас» деп, қайта комбайн агрегаттарының жұмыстан бөгеле тұруын жақтау пікірінде.

Жағдай Молотов атындағы, «Путь социализма» колхоздарында да дәл осындай. Тіпті Молотов атындағы колхоздың басшылары егіншілердің, әсіресе, комбайн агрегатты мүшелерінің қоғамдық тамағын ұйымдастырмай отыр.

Аталған МТС-тер мен колхоздардың басшылары егін ору, астық дайындау жұмыстарындағы орын алып отырған кемшіліктер мен қателіктерден қорығынды шығара отырып, механизаторлардың, колхозшылардың астық үшін күрестегі белсенділігін арттыра беру керек.

Т. КӘДІРОВ,

ПОЛУДЕНО.

(Арнаулы тілшіміз).

нау басталғалы МТС директоры «егін жолдас біздің агрегатта болған да емес. Сол сыяқты колхоз басшылары комбайн бункерінен астық алуға автомашина бөледі де ұзақ сонарға салып, кешкітіріп отыр. Сондықтан, кәзір комбайн бункерінен астық көлік арбасына тиеледі. Мұндай жағдайлардың бәрі біздің өнімді жұмыс істеуімізге едәуір бөгет жасайтындығын көрмеуге болмайды.

Сондықтан, МТС пен колхоз басшылары комбайн агрегатының қалқысыз жұмыс істеуіне жағдай туғызуға күнбе-күн қамқоршы болуға тиіс. Біз осы қамқорлыққа сүйене отырып, комбайнның күніне 18—20 сағат жұмыс істеуіне жетісу арқылы, алған міндеттемемізді ойдағыдай орындап шығамыз.

Д. САРЫҚОВ,

Образцовая МТС-нің комбайншысы.

ЕҢБЕК ӨРЛЕУІ

Преснов ауданы, Сталин атындағы колхоздың егіншілері аз күн ішінде 200 гектар қарабидай, 75 гектар арпа, 40 гектар сұлыны орып, енді жаздық бидайды жыйнауға кірісті.

Колхозшылар МТС механизаторларымен тығыз бірлесе отырып өздерінің еңбек өнімділігін күннен күнге арттырып келеді. Комбайншы Дубраво жолдас «Сталинец—6» комбайнымен күніне 25-27 гектар егін шауып, әрбір гектардан орта есеппен 10 центнерден дән бастырып жүр. Осы сыяқты комбайншылар Шанилов, Михайлов, Марков жолдастар да күндік нормаларын 1,5—2 еседен орындауда. Комбайн бункерінен астық алуға Шледовец, Иванов, Козлов жолдастар еңбектің тамаша үлгісін көрсетуде.

Колхоз мүшелері қырманға түскен астықты дереу тазартып, кептіріп мемлекеттік дайындау орындарына жөнелтуге қолма-қол әзірлеп отырады. Мұнда қырмандағы жұмыс толық механикаландырылған. Бұл астық тазалау жұмысын едәуір жеңілдетумен бірге, еңбек өнімділігінің еселен артуына мүмкіндік жасап отыр.

Колхоздың партия ұйымы (секретары Авинокеев жолдас) егіншілердің социалистік жарысына күнбе-күн басшылық жасап, оларды еңбек өнімділігін арттыруға жұмылдырып отырады. Үгітшілер озат егіншілердің іс тәжірибелерін үнемі насихаттаумен бірге, жекелеген колхозшылардың істегі кемшіліктерін қатты сынға алады.

Колхоз 500 гектар жердің егінін орып, бұл жөніндегі онкүндік тапсырманы 126 процент орындады. Егіншілер еңбек өнімділігін бұрынғыдан да арттыра түсіп, егін жыйнаумен мемлекетке астық тапсыруды бірінші сентябрьге дейін толық аяқтауды ұйғарып отыр.

В. СНИБСКИЙ.

ПАРТИЯ ТҰРМЫСЫ

Басшылықтың бюрократтық-кеңсешілдік әдісі орын алған жерде

Облыстық май өндіру тресті бірқатар уақыттан бері өндірістік жоспарын орындамай келеді. Демек, трест жыл сайын мыңдаған сомның өнімін еңбекшілерге бере алмай отыр.

Тресттің өнімді жұмыс істеуі, мемлекеттік жоспарды мерзімінде және асыра орындауы, аппараттың және оның жергілікті орындарының үлгілі, оперативті жұмыс істеуіне тікелей байланысты. Бірақ, облыстық май өндіру тресті советтік аппаратқа қойылған осы талаптар дәрежесінде жұмыс істей алмай келеді. Аппараттың жергілікті май өндіру заводтарына басшылығы мүлдем нашар.

Май өндіру трестінің аппаратында басшылықтың бюрократтық-төрешілік әдісі орын тепкен. Тресттің бастығы Кусакин жолдас кеңседе отырып, жұмыс істеуді, бұйрық беруді жақсы көреді. Ол өзіне бағынышты қызметкерлерді орынсыз кірізіп, балағаттап, олармен тым дәрежі сөйлеседі. Өзіне ұнамаған, не оның бұйрықтарын орындамаған қызметкерлерді кабинеттен қуып шығуға дейін барады.

Кусакин жолдас облыстық май өндіру трестінің бастығы болып істей бастағанына бір жылдан асты. Оның арнаулы білімі жоқ. Сол себепті май өндіру жұмыстарының көбін жете білмейді. Қызмет бабында арнаулы білімі бар, тәжірибесі мол мамандармен ақылдасып жұмыс істемейді. Олардың айтқан бағалы кеңестері аяқсыз қалады. Тресттің барлық жұмысын басшы қызметкерлермен, мамандармен ақылдаспай жеке, тікелей өзі шешкенін жақсы көреді. Ол тіпті бөлім бастықтарының өз бетімен мәселелерді шешуіне, сөйтіп, бірқалып жұмыс істеуіне де мүмкіндік бермейді.

Аппарат қызметкерлері көбіне қағаз бастылықпен, жергілікті жерлерге нұсқау-қағаздар жіберумен шұғылданады. Мұның бәрі тікелей Кусакин жолдас бұйрығымен «жүзеге» асып жатады. Міне, сондықтан да, аппараттың қызметкерлері ынтығанып, творчестволықпен жұмыс істемей, тек қағаз көшірумен айналысады.

Тресттің бұрынғы технолог-инженері Цинельская жолдас Октябрь ауданындағы Ольгинка май өндіру заводын тексерудің қорытындылары туралы бұйрық жазып, оны Кусакин жолдасқа қол қоюға аларды. Бұйрықтың бұл жазбасы Кусакинге ұнамай, оны Кусакин бас инженердің орынбасары Трушкинаға қайта жазуға берді. Трушкина жобаны қайта жазып, тағы да қол қоюға Кусакинге әкелді. Кусакин бұл жолы да бұйрықтың жобасын ұнатпай, оны қайта жазуды тресттің бас инженері Неволлин жолдасқа тапсырды. Бұйрық бас инженердің столында бір айдай жатып, содан кейін Трушкина жолдас бұрынғы жазуы бойынша, жергілікті май өндіру орындарына жіберілді. Міне, мұнда бұйрық жазуда да осындай өрескелдіктер бар.

Тресттің бірқатар жергілікті май өндіру заводтары өздерінің өндірістік программасын орындамай келеді. Мұндай заводтарға тресттің көмегі жоқтың қасы. Мысалға Петропавл май өндіру заводын (директоры Богданов жолдас) алайық. Бұл заводта шикізат жеткілікті болса да, өндіріс орнының тарлығынан жоспар орындамайды. Завод жарғышылдық жоспарды 84,4 процент қана орындады. Ал, трест мұнда салынып жатқан құрылыс жұмыстарына көмектесудің орнына, оған көптеген қағаздарға жазылған директивалар мен бұйрықтар жіберген. Петропавл май заводының басшылары өткен жартыжылдықтың ішінде тресттен күшейікті нұсқау-қағаздарды есептемегенде 192 бұйрықтар мен директивалар алған. Ал, қызметке жаңа ғана орындаған заводтың технология Цинельская жолдас екі айдың ішінде тресттен 44 директивалар мен бұйрықтар алды. Бұлардың бәрінде де құрылыс жұмыстарын тез аяқтау, өндірістік жоспарды мерзімінде орындау талап етілген. Егер бұл бұйрықтар орындалмаса, олардың қатал жауапты болатындығы қайта-қайта ескертілген.

Трест аппараты қызметкерлерінің жұмысындағы осындай төгісіз кемшіліктер 21 коммунисті бар бастауыш партия ұйымының көз алдынан өтіп жатады. Партия ұйымы, оның секретары Сухарева жолдас басшылықтың мұндай бюрократтық-төрешілік әдісіне қарсы ешқандай күрес жүргізбей, дәрменсіздік жасап отыр.

Аппарат қызметкерлері арасындағы бұқаралық-саяси жұмыстың дәрежесі төмен. Партия ұйымы қызметкерлердің мамандығын жетілдіруге, олардың жұмыстан бос уақытын мәдениетті өткізуіне қажетті жағдай туғызбай отыр. Аңдасанды оқылған лекциялар трест жұмысымен, коллектив қызметімен байланыстырылмай, жалаң өтеді.

Партия ұйымы коммунистердің барлығына партиялық тапсырмалар берсе де, олардың орындалуын үнемі бақылауға алып отырмаса. Коммунистерден өздері жұмыс істейтін уақыттың жұмысын жақсарту, партияда жоқ адамдарға үлгі болу арқылы өндірістік жоспарды мерзімінде және асыра орындауға жетісу талап етілмейді. Мәселен, коммунист Никиферов жолдас тресттің дайындау бөлімін басқарады. Никиферов жолдас өз жұмысына немқетті қарап, еңт дайындау жоспарын орындаумен тікелей айналыспай отыр. Ал, ол өзінде партия ұйымынан бұл кемшілігін жою жөнінде ешқандай ықпал көрмей келеді.

Партия ұйымының секретары Сухарева жолдас партия жыйналысын уақытылы өткізіп, онда бүгінгі күннің талабынан туған актуалды мәселелерді талқылап тұрмайды. Соңғы екі айдың ішінде бірде-бір партия жыйналысы өткен жоқ. Өз жұмысына немқетті қарайтын, еңбек тәртібін бұзатын кейбір коммунистер жыйналыстарда талқыланбай келеді.

Сухарева жолдас мәселені коммунистермен ақылдасып шешпей, трест бастығы Кусакинге жарымназданып, көбіне соның айтуы бойынша шешеді. Тресттің бас инженері Неволлин жолдас өндірістік ұйымдастыру жұмыстарымен айналыспай, жалаң қағаз жазуға айналған. Ол өз жұмысына қалай болса-солай қарап, мақпемдікке, ішімдікке салынған. Тіпті оның асхана жанында құлап қалып, милиция органдарына түскен уақыттары да болған. Коммунист Неволлиннің осындай жат қылықтары коммунистердің жалпы жыйналысында талқыланып, оған партиялық жаза берілуі керек еді. Бірақ, Сухарева, Кусакин жолдас оған «ақылдасып», Неволлинмен оңаша кеңесумен, барлық істі тындырды.

Партия ұйымы жұмыстағы кемшілікті жоюдың басты құралы болып табылатын сын мен өзара сынды өрістетуге де жете көңіл бөлмей отыр. Мұнда партия жыйналыстары сын мен өзара сынсыз, коммунистердің қаралып отырған мәселеге белсене қатысушысыз өтеді. Өйткені, коммунистер трест басшыларының оның бастығы Кусакинді сынауға қорқады. Кусакин өзін сынаған адамдарды қудалап, сынды тұншықтыруға тырысады. Жақында өткен партия жыйналысында тресттің бухгалтері Кищенко жолдас Кусакинді әділ сынға алды. Жыйналыс үстінде Кусакин Кищенко жолдасқа тікелей қысым жасап, оны сөйлетпей қойды.

Жыйналыстарда 30—40 пункттерден құрылған бұйрық-нұсқау тілдерде жазылған қаулылар қабылданады. Онда жұмыстағы кемшіліктер көрсетіліп, оны жоюдың шаралары белгіленеді. Бірақ, партия ұйымы, оның секретары Сухарева жолдас жыйналыста қабылданған қаулылардың орындалуын ұйымдастырмайды. Осы себепті алынған қаулылардың көпшілігі жүзеге асырылмай, аяқсыз қалады.

Зенцов басқаратын бөлімде 20 қалың папка, ал, аппараттағы 21 адамда 152-папка бар. Кейбір қызметкерлер осы папкаларды толтырып, қағаз жазумен күн өткізеді.

Мекеме партия ұйымдарының басты міндеті — аппарат жұмысындағы кемшіліктерді деркезінде ашып, оны жоғарғы партия ұйымдарына хабарлау, барлық коммунистермен бірлесіп отырып, шаруашылық жұмыстарды ілгері бастыруға бетт жасайтын мұндай кемшіліктермен күрес жүргізу. Облыстық май өндіру трестінің партия ұйымы аппарат жұмысындағы аталған кемшіліктермен қарсы күреске барлық коммунистерді жұмылдырып, оны жоюдың шараларын белгілеп отыруға тиіс. Міне, сонда ғана, трест аппаратының жұмысын жақсартуға, оның өндірістік программаны мерзімінде және асыра орындауына жетісуге болады.

П. ИВАНЦОВ,

ККП қалалық комитетінің нұсқаушысы



Үстіміздегі жылы Ленин ауданындағы Молотов атындағы колхоз 9 гектар алаңға қарбыз отырғызып болатын. Колхозшылар қарбыздан мол өнім алмақ.

СУРЕТТЕ: колхоз председатели Я. Лобач және оның өсіретін звеноның бастығы А. Плавина қарбыздың шығымын тексеріп отыр.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Жас мичуриншілер Москваға барады

Облыстық жас натуралистер станциясының 13 жас мичуриншілері өткен жылғы тәжірибе жұмысындағы табыстары үшін Бүкілодақтық ауылшаруашылық көрмесіне қатынасу правосын алған болатын. Бұл құрметті правоға ие болғандардың ішінде қапустаң «Осенне-грибовка» сортынан гектар есебімен 985 центнер өнім алған № 1 орта мекен оқушысы Гая Ерешкина, 857,1 центнерден өнім алған Лора Фирстова, көркем гүлдер өсірушілер Хабитова, Ницаева, қант қызылшасынан мол өнім алған Лида Волкова бар. Оларды станцияның меңгерушісі Г. Горбачева бастап апарды.

Мичуриншілер көрмеге апаратын экспонаттарды жақсы әзірледі. Олар өткен жылғы тәжірибе жұмыстарының экспонаттарымен бірге бийылғы тәжірибелерден де экспонаттар ала бармақ. Мысалы, олар қарбыздың жаңа сортын әзірледі. Сол сыяқты, станция өмірін, жұмыс тәжірибелерін көрсететін фото-альбомдар жасады.

Жас мичуриншілердің бір тобы Москваға жүрін кетті.

С. ӘЛІМОВ.

Украин комбайншылары тың жерлерде

Облысымыздың тың жерлерінде өскен бітік егінді мерзімінде және ысырапсыз жыйнап алуға көмектесуге туысқан Украина республикасынан жүзден астам украин комбайншылар келді.

Табысқа тоқмейілсу неге әкеліп соқты?

Қаладағы «Молот» кәсіпшілік артельінің коллективі үстіміздегі жылдың бірінші жартыжылдығында бірқатар табыстарға ие болды. Олар социалистік жарысқа алған міндеттемелерін абыроймен жүзеге асыру жолында күресе отырып, бірінші жартыжылдықтың өндірістік жоспарын артығымен орындады.

Артель басшылары (председатели Уваров, партия ұйымының секретары Коньков жолдас) социалистік жарысқа қол жеткен табыстарды баянды етіп, артель коллективін жаңа табыстарға жетуге бағтай беруге тиіс еді. Бірақ, бұлай болмады. Артель басшылары бірінші жартыжылдықта қол жеткен табыстың буына земіріп, тоқмейілсушілік жолға түсті. Сөйтіп, олар артель шаруашылығына басшылықты мүлдем бөсеңдетіп жіберді.

Міне, мұның ақыры шаруашылықта тұралаушылық орын алуына, артельдің егінші жартыжылдықтың басынан бастап артта қалуына әкеліп соғып отыр. Артельде июль айының өндірістік жоспары нөбары 79,2 процент-ақ орындалды. Бірқатар цехтардың осы айда өндірістік жоспарды орындау жөніндегі көрсеткіші бұдан да төмен болды.

Артельде жұмысшылар арасында еңбек тәртібі мүлдем бетімен жіберілген. Мұнда еңбек өнімділігін арттыру үшін, жұмыс уақытын өнімді пайдалану үшін күрес жоқтың қасы. Құрал-саймандардың жеткіліксіз болуы және цехтардың қажетті материалдармен үздіксіз жабдықталмауы себепті көптеген жұмысшылар жұмыс уақытын көбіне босқа өткізеді.

—Жұмысшылар, —дейді кровать жасайтын цехтың бұрғылаушысы Қ. Дралицин жолдас, —құрал-саймандардың жеткіліксіздігі, цехтың қажетті материалдармен үздіксіз жабдықталмауы салдарынан жұмыс уақытының көбін босқа өткізеді. Біздің цехта верстақтар жеткіліксіз. Бұл жұмысшыларға көп қиыншылықтар туғызады. Біздер верстақпен жұмыс істеу үшін кезекте тұрып, күн сайын қымбат уақытымыздың көбін босқа өткізуге мәжбүр болып жүрміз.

Біз артельдің ұсталар цехында болғанда да осындай көңісіз жайдың куәсі болдық. Цехта 12 август күні кілт, бұрыш, тағы солар сыяқты құрал-саймандардың жеткіліксіздігі және іске қажетті ұсақ бөлшектердің жоқ болуы салдарынан ұсталар мен олардың көмекшілерінің бірқатары ұзақ күнге босқа қарап жүрді.

Артель жұмысшыларының бірқалыпты өнімді жұмыс істеуі үшін қолайлы жағдайлар туғызылмаған. Жауынды күндері цехтардың төбесінен аққан тамшы жұмысшылардың бірқалыпты жұмыс істеуіне мүмкіншілік бермейді.

Өнімді жұмыс істеу үшін қолайлы мүмкіншіліктің туғызылмауы артельде жұмысшылардың жеткіліксіз болуына, олардың тұрақтамауына әкеліп соғып отыр. Мәселен, кровать жасайтын цехта жұмысшылар жетіспейді, кровать жыйнауда 5 адам жұмыс істеуге тиіс болса, бұл жұмыста көзір шебары бір адам істеп жүр. Жұмысшылардың жетіспеуі және материалдардың жеткіліксіз болуына әкеліп соғып отыр.

Тұрастың айту керек, артель басшыларының немісқайдылыққа салынуы салдарынан шаруашылықта несіздік кеңінен орын алған. Мұнда дайындалған материалдар және жасалып шығарылған бұйымдар орамда, ашық жерде сақталады. Осыдан барын олардың біразының сапасының төмендеуіне, немесе іске жарамсыз болып қалуына жол беріліп келеді.

Мәселен, жөндеуге қойылған ұсталар цехындағы пневматикалық молоттың арнаулы орының болмауы себепті зәлеттің, компрессор шорпындері, тағы басқа бөлшектерін тот басқан. Мұның өзі ол бөлшектердің қатардан шығуына әкеліп соғуы мүмкін. Бірақ, бұл жайды артель басшылары сезбей, елемей жүрген көрінеді.

—Дайындалған бөлшектер мен бұйымдардың және пневматикалық молот бөлшектерінің тот басқаны ешнәрсені емес, оларды бензинмен, скипидармен жуып, тазартып алуға болады. Ал, материалдар мен жасалған бұйымдарды қабылдайтын қоймалар салуға бізде орын жеткіліксіз, —дейді Уваров жолдас.

Уваров жолдас бұл сөзінің шындыққа ешқандай жанасымы жоқ. Артельде материалдар мен жасалған бұйымдарды ұқыпты сақтау үшін арнаулы орындар жабдықтауға орын да, мүмкіншілік те бар. Амақ қанша, бұл мүмкіншілікті пайдалануға артель басшыларының ниеті жоқ. Олар ашық жерде жатып тот басқан материалдар мен бұйымдарды тазарту үшін біраз еңбек, елауір қаржы артық жұмсалатынын ескермей жүр.

Біз артель басшыларын шаруашылыққа істің жайын жете біле отыра басшылық жасайды деп тіпті де айта алмаймыз. Артель председатели Уваров жолдас артель бойынша өндірістік жоспарлардың орындалуы, материалдың жұмсалыуы қалай, қай цехтар алдыңғы қатарда келеді деген сұраққа қанағаттанарлық жауап бере алмады.

—Мұндай ақпараттар менде жоқ, ол менің орынбасарым Коньков жолдасқа қолында, содан алуыңызға болады, —дейді ол. Бірақ, біз Коньков жолдасқа да бұл сұраққа толық жауапты ала алмадық. Ол бізді артель шаруашылығы жөніндегі ақпараттарды алу үшін бухгалтерияға баруды ескертті.

Көзір артель коллективі зор міндетті атқару үстінде. Олар облыс егіншілерінің қажырлы еңбекпен өсірген егінін мезгілінде жыйнап, астық дайындау жоспарын мерзімінен бұрын орындауына көмектесу үшін астық тазалайтын механизмдерді жыйнап велкалар жасауға кірісті. Демек, артель коллективі 20 августқа дейін механикаландырылған 55 велка жасауға міндеттеме алды.

Бұл қуанарлық та, сүйсінерлік те іс. Бірақ, артельде алған бұл міндеттеменің кезінде орындамай, ұзаққа созылу хауші бар. Артельде күн сайын 4 велка жасалуға тиіс болса, 12 август күні бірде-бір велка жасалмады.

Қоғамдық мал үшін жемшөп мол дайындалсын

Мал фермаларында еңбек ұйымдастыру ісі жақсартылса екен

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь пленумы мал шаруашылығын онан әрі өркендету мақсатымен мал басын көбейту, оның тұқымын асылдандырумен бірге мал шаруашылығы өнімдерін молайтуды ұштастыра жүргізу қажет екенін атап көрсетті. Осыған байланысты колхоз басқармалары алында мал фермаларында еңбекті дұрыс ұйымдастыру талабы бірінші кезекте тұр.


Совет ауданының бірсыра колхоздарының фермаларында жұмыс осы жаңа талапқа сай ұйымдастырылған. Мысалға Сталин атындағы ауылшаруашылық артелінің алуға болады. Мұнда фермалар тегіс өз ісін жетік білетін, тұрақты колхозшылармен талқытырылған. Олардың көпшілігі ұзақ уақыт шаруашылықтың осы саласында істеген тәжірибелі мамандар. Мысалы, бұзау күтуші Гончарова осы жұмыста алты жылдан астам уақыт істеп келеді. А. Чижевская, А. Земляная сияқты сауыншылар он жыл бойы істеп, сүт сауу міндеттемелерін үнемі асыра орындап жүр.

Колхозда мал фермалары керекті құрал-саймандармен ұқыпты жабдықталған. Әрбір малшыға мал бекітіліп берілген. Әр сауыншының қарауындағы сыйыр саны 13-14 тен аспайды. Сауыншылар осы малдарды жақсы күтіп, қораны таза ұстайды. Сондай-ақ сауыншылар мал төлдеу кезеңінде жаңа туған бұзауларды 20 күн бойына өздері күтіп, содан кейін бұзау күтушілерге тапсырады. Тек сауыншылар ғана емес, бұл колхоздың мал фермаларындағы басқа колхозшылар да өз ісіне ұқыпты қарайды.

Мал фермаларында жұмысты дұрыс ұйымдастыра білу—мадды күйлі ұстауға, мал шаруашылығы өнімдерін мол алуға жетістіріді. Колхозда быйылғы бірінші жартыжылдықта әр сыйырдан сауылатын сүт өткен жылғы жартыжылдықта өнімнен екі есе артты.

Колхоз басқармасы мал өсірушілердің еңбегін жоғары бағалауға және көңіл бөліп отырады. Осының нәтижесінде өткен жылы сауыншы Чижевская қосымша ақшаға 280 литр сүт, шошқа күтуші Е. Цайгер мен А. Вгорова жолдастар бір-біріне торап алды.

Бірақ, мал шаруашылығының жаңы ауданның барлық колхоздарында бірдей өркендетілуде деуге болмайды. Мәселен, «Северный берег», «12-лет октября» колхоздарының мал фермаларында жұмыс мүлде нашар ұйымдастырылған. Бұларда мал өсірушілер тұрақтандырылмаған. Әрбір сауыншыға 16-18 сыйырдан, ал олардың кейбіреулеріне одан да көп бекітілген. Мұның өзі мал күтімінің нашарлап, мал шаруашылығы өнімнің кем болуына әкеліп соғып отыр. Мұны, әсіресе, сауылған сүт мөлшерінен көруге болады. «Северный берег» ауылшаруашылық артели бірінші



Соколов ауданындағы Пушкин атындағы колхоздағы шөп маялағыштың машинисі комсомолец Дмитрий Пшанкевич күн сайын сменалық тапсырмасын екі есе асыра орындайды.

СУРЕТТЕ: Пушкин атындағы колхоздың председатели С. Дмитриев (оң жақта) машинистің жұмыс қорытындысын шығарып тұр. Ортада егіс бригадасының бригадирі И. Гусев.

Суретті түсірген А. Розенштейн.

Қой шаруашылығы өркендеген колхоз

БУЛАЕВО. «Красное знамя» колхозының шопандары қой басын көбейтуге, жазғы жайылымдарда дұрыс бағуда өздерінің көпжылдық тәжірибелері мен зоотехникалық ғылымды тығыз байланыстыра отырып, елеулі табыстарға жетті.

Шопан болу ардақты жұмыс, қойды аман, күтімін жақсы етіп, төл басын жылда арттырып отырсаң, сені құрметтейтін, қадірлейтін адам болмайды. — дейді аға шопан Сергей Рыкининский.

Колхозда қой басы жыл сайын өздерінің төл есебінен еселеп көбейе түсуде. Колхоз қойының барлығы бияз жүнді. Өткен жылы әр қойдан орта есеппен 2,5 килограмнан бияз жүн қырқып, оны мемлекетке тапсырып 87 мың сом кіріс алды. Колхоз шопандары бұл табысты жеткіліксіз деп тауып, қойдың күтімін жақсартуға, жаңа табыстарға жетуге міндеттенді. Қой күтімін ерекше жақсартқаннан быйылғы жылы әр қойдан 3 килограмм 560 грамнан жүн қырқып алды. Ал кейбір жеке қойлардан 8 килограмм жүн қырқылды. Осының нәтижесінде мемлекетке жүн тапсыру мөлшері өткен жылғыдан әлде қайда асып түсіп, колхоз қазасына 180155 сом кіріс кірді.

Қой басын молайтуда ферма меңгерушісі Ефименко жолдастың еңбегі ерекше зор. Шопандар С. Рыкининский, Ю. Штегер, Н. Анацкий жолдастар да өздерінің адал еңбектерімен жақсы табыстарға жетіп келеді. Қой фермасының коллективі қоғамдық маңға ерекше жақсы қарап, оның күтімін арттыруының нәтижесінде колхозда қой өсіру жоспары едәуір артып отыр. Колхозда жоспар бойынша 2600 қой болуға тиісті болса, қазірдің өзінде ғана фермада 2862 бияз жүнді қой бар. «Красное знамя» колхозы облысымыздың совхоздарына жылда жүзден қосқарлар сатып отырады. Бұлардың көпшілігі «Әл-бита», қалғандары «1-класс» тұқымды қосқарлар. Колхоз жыл сайын тек қосқар сатудан ғана 35-40 мың сом табыс табады.

Осы күндері колхоздың қой фермасында қой қыстатуға үлкен әзірлік жұмысы жүріп жатыр. Дайындалған шөп қой қораларына тасылып, 1500 центнері сурленуде. Қоралардың көпшілігі жөндеуден өтті. Жападан 1000 қой сыйатын және жас төлдер тұратын қора жақын күндердің ішінде салынып аяқталатын болды. Колхоз шопандары қой шаруашылығын өркендету үшін өздерінің арт-

Қарқын төзгісіз баяу

«Ігілік» колхозында (Совет ауданы) егін орағы жашпай басталғанға дейін шөп шабу жоспарын толық орындап шығуға, сөйтіп, қоғамдық мал үшін жемшөптің берік қорын жасауға толық мүмкіншілік бар. Колхозда алам және техника күші жеткілікті, шабындық жер мол. Бірақ, колхоз басшыларының (председатели А. Оразов жолдас) сылбырлыққа шөл беріп, істе шеберлік көрсете алмай жүруі салдарынан бұл күш-мүмкіншілік тиімді пайдаланылмай, шөп шабу жұмысы төзгісіз баяу қарқынмен жүргізіліп келеді.

Колхоздың шөп шабуға кіріскеніне қырық күннен астам уақыт болса да, шөп дайындау жоспары небары 38 процент-ақ орындалды. Ал, шөп сурлеу жұмысы осы күнге дейін басталмаған да.

Шөп шабу, оны жыйнау және маяға үю жұмыстары бір-бірімен ұштастырыла жүргізілмей алшақтықта жоқ беріліп отыр. Осының салдарынан атқалға жыйналған ондаған гектар шөптің құнарлылық сапасы кемуде.

Пшеништер арасындағы еңбек тәртібі мүлдем бетімен жіберілген. Олар бір жұмыстан екінші жұмысқа жиі ауыстырылады. Колхоз председатели Оразов, бастауыш партия ұйымының секретары Нұрмолдин жолдастар пшеништер арасындағы еңбек тәртібін нығайтудың нақты шараларын қолданбай, көбіне құрғақ айтайға, орынсыз әкімшілікке салынады.

Бұл колхозда жемшөп дайындауда орын алып отырған мұндай төзгісіз кемшіліктер Совет МТС-нің басшыларына мәлім емес деуге бола ма? Жоқ, тіпті де болмайды. Өйткені, МТС басшылары бұл колхозда жиі болады. Бірақ олар істе орын алып отырған кемшіліктері елемейді, оны жоюдың практикалық шараларын қолма-қол қолданып, істің жайын шұғыл жақсарту жөнінде колхоз басшыларына көмек көрсетудің орнына, қонаққа келген адамдай асығыс, әуесті аттанады. Басшылықтың бұл сияқты жарамсыз әдісінен арылатын уақыт әлдеқашан жетті.

Мұнда шөп шабуға істейтін техника қуаты сарқа пайдаланылмайды. Техникалық көмектің нашар болуы себепті өзінің жүретін көң алымды шөп машинасының жұмыс істегенінен босқа қарап тұрғаны көп. Тракторшы В. Райский өз ісіне салақ, машинаға ұқыпсыз қарайды. Осының салдарынан оның тракторы жиі сынып, көбіне тоқтап тұрады.

Трактор бригадасының бригадирі Порунов жолдас бригаданың жұмысына басшылық жасаудан мүлдем қол үзген. Порунов жолдас төрешілікке салынып, бригада жұмысын басқаруды өзінің көмекшісі Әлмұрзаевқа жүктеген. Ал, Әлмұрзаев босқа уақытының көбін ауыл қыдырумен өткізіп, тракторшылардың жұмысына бағылау жасауды үшінші біреуге—есепші-май қушы Мәзішевке тапсырған. Міне осының салдарынан бригадада иесіздік орын алып отыр. Тракторшылар мен сменалық шөп машинасының маши-

МЕКТЕБІМІЗ ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ӘЗІР

Партияның XIX съезінің бесінші бесжылдық жоспар туралы директивалары еліміздің мектептері алдына политехникалық оқуды жүзеге асыру, оқушыларды практикалық жұмыстарға осы бастап әзірлеу міндеттерін қойды. Бұл міндеттерді орындауды ойдарыдай ұйымдастыру—оқушылардың тынақты білім алу, олардың оқу үлгеруін жақсартуды қамтамасыз етеді. Үстемізге оқу жылында мектебімізде ер балалар мен қыз балаларды бірге оқыту енгізіледі. Мұндай жағдайда оқушылар коллективінің өмірі қызықты және творчестволық бағытта дамиды. Сол сияқты быйыл оқу жоспарлары мен программалары едәуір жаңартылды. Жаңа программада оқушылардың практикалық істерге дайындау, оларға шамадан тыс көп тапсырмалар берілмеу жағдайлары қарастырылған. Міне, біз мектепті жаңа оқу жылына әзірлегенде осы жағдайлардың үстемізге жылы жүзеге асырылуына баса көңіл аудардық.

Оқу жылы аяқталысымен біз мектеп үшін жөндеуге кіріскен болатынбыз. Жөндеу жұмыстарында «Казельпромстрой» мекемесі көп көмек көрсетті. Мектеп үйі көзір жөнделіп болды. Оның қабырғалары шпукатураланып, іші ағартылды. Ескі терезелер, еден тақтайлары сырланды. Мектеп үйі бір орталықтан жылыту системасы жүрделі жөндеуден өтті. 74 парт, 5 стол, орындықтар мен жазу тақталары жөнделіп қайтадан сырланды. Оқушылардың шешініген бөлмелері кеңейтіліп, жаңа киім ілгіштермен қамтамасыз етілді. Мектепті жылытуға керекті отын мен көмір толық дайындалды.

Оқушылардың мұғалімдер түсінігінен және оқулықтардан алған білімдерін тәжірибе жұмыстарымен тығыз байланыстырып отырғанда ғана олар өткен материалдарды толық меңгере алады. Сондықтан да тәжірибе жұмыстарына керекті құралдардың толық болуы үшін біз жолда бар тәжірибе құралдарын тәртіпке келті-

ріп, жаңадан жүздеген сомның құралдарын сатып алдық. Физкультура сабағы өтетін алаңдар әзірленіп, спорт жабдықтары түгелденді. Оқушыларға көзір оқулықтар сатылуда.

Мектебімізде 1-7 класс оқушылары оқыйтын 17 класс ұйымдастырылды. 1-классқа оқу үшін көзірдің өзінде 79 бала жазылды. Быйыл бізде 26 оқытушы жұмыс істейтін болады. Олардың ішінде 36 жылдық педагогикалық тәжірибесі бар Маргарита Ивановна Слезенева сияқты қарт педагогтармен бірге, алғашқы жыл істегелі отырған жастар да бар. Мектеп дирекциясы жас педагогтарді мектептің ішкі жұмыстарымен таныстырып, олар үшін тәжірибелі оқытушылардың жұмыс тәжірибелері туралы әңгімелерін ұйымдастыруда. Оқытушылардың бір-бірімен тәжірибе ауыстыруын бұдан былай да жүргізе бермесіміз. Ұйымдастырылған кластарға класс жетекшілері бөлініп, олардың міндеттері туралы кеңес өткізілді. Сол сияқты мектептегі комсомол, пионер ұйымдарының және оқушылардың ата-аналарының оқытушылар коллективінің оқу-тәрбие жұмысын жүргізудегі ролын мәніндегі тірегі болуы қарастырылды.

Көзір оқытушылар коллективі жақын арада басталатын күзгі сынаққа қызу әзірленуде. Күзгі сынақ қалдырылғандар үшін түсінік сабақтары өткізіліп, олардың сынақ үлгілі әзірленуіне керекті жағдайлар туғызылуда. Бұлардың көпшілігі келесі класта көшіп, өткен жылғы жолдастарымен бірге оқыйтын болатындығы сөзсіз.

Біздің мектеп коллективі жаңа оқу жылын қарсы алудың соңғы әзірлігін жүргізуде. Үлгілі әзірлік бізге жаңа оқу жылында жаңа табыстарға жетуге жол ашты.

Р. БЕРГЕЛЬСОН,

Қаладағы № 4 жетімханның мектептің оқу бөлімінің меңгерушісі.

Жас бөбектер тәрбиешісі

Көң ауланың ішінде асыр сала ойнап жүрген бір топ жас бөбектердің жайнаған жүздері көктемде шыққан әсем гүлдерді еске түсіреді. Қызықты ойынға еліктеген олардың арасында әрқайсысына көңіл бөліп бір жас әйел жүр. Бөбектер бірінен-бірі қызғанғандай оны өз қасына шақырады. Бұл жүрген 8-март атындағы балалар бақшасының аға тәрбиешісі Анна Родионовна Вешкурцова еді.

Анна Родионовнаның тәрбиеші болып істегеніне быйыл ониншы жыл. Ол осы жылдар ішінде өз ісін жақсы меңгерген және өте сүйетін болып алды.

—Тәрбиеші болу, —дейді Анна Родионовна, —жауапты жұмыс. Өйткені бізде мектеп жасына дейінгі балалар тәрбиесі болады. Оларды тәрбиелеушілердің бойында жас баланы өз анасындай еркелете білетін, сонымен бірге оларға қатаң талап қойып, олардың бойындағы кем-

уақыттарына байланысты ойындар ұйымдастырылады. Анна Родионовна балалардың таза, анық сөйлеуіне назар аударып отырады.

Быйыл мектепке баратындарды ерте бастап мектеп өмірімен таныстыра беруді Анна Родионовна өз жұмысына негіз етті. Бұл жөнінде олардың оқытушылармен, мектеп оқушыларымен кездесуі зор рөл атқарады. Жақында пионерлер мен мектеп жасына толғандардың кездесуі болды. Онда пионерлер өздерінің қалай оқытындықтары, мектеп өмірі туралы қызықты әңгімелер айтты. Кездесуден кейін оларға өткен әңгіме бойынша сурет салу тапсырылды. Бөбектердің көпшілігі пионерлердің, мектеп үйінің суреттерін салды. Сол сияқты тракторға мінген кісілердің де суреті салынды. Бұл туралы олар бір пионердің трактор туралы айтып, өңгімесін естіп, суретін көрген еді. Енді біреулері «Степа ағай» деген әңгіме бойынша еңбек сүйіш Степаның суретін

жартыжылдықта әр сыйырдан небары 507 литрден, ал, «12-лет октябрь» колхозы 740 литрден ғана сүт алды. Соңғы екі айдың ішінде де алынған сүттің мөлшері өте мөте кем болып отыр. Колхоз председателдері Безнушенко мен Лысак жолдастар фермаларда еңбек ұйымдастыру ісін жақсартуды әлі де ескеретін емес.

«Іргілік», «Көктерек» колхоздарында да жағдай осындай. Бұл колхоздарда сүт сауудың айлық жоспары орындалған емес. Фермаларда жұмысшылар саны жетіспейді. Малды күту, азықтандыру жұмысының нашар ұйымдастырылуы себепті малдардың, әсіресе, төлдердің шығынға ұшырау фактілері бар.

Алдағы уақытта бұл колхоздардың басшылары мен партия ұйымдары қоғамдық мал шаруашылығын өркендетудегі басты міндеттердің бірі—мал фермаларында еңбекті дұрыс ұйымдастыруға ерекше назар аударулары қажет.

3. ФЕДОРОВ.

Колхоз қоны өсе отыра болып, қолдалар бір бөлек, қозылар бір бөлек, саулықтар бір бөлек жеке-жеке бағылады. Әр отарға тиісті учаскелер белгіленіп, ол учаскелер қатаң графикпен пайдаланылады.

ҰЙЫМШЫЛДЫҚТЫҢ НӘТИЖЕСІ

«Орталық» колхозы (Ленин ауданы) колхозшыларымен осы әртелде шөп шабу да жүрген Образцова МТС-нің механикаторлары мал азығын дайындауды мезгілінде және сапалы аяқтау үшін іске жекан ұйымшылдықпен кіріскен болатын. Мұнда 4 кеңалымды шөп машиналары жұмыс істейді. Машинашылар өзара социалистік жарысқа қосыла отырып, күндік тапсырмаларын толық және асыра орындауда. Еңбек өнімділігін арттырудың озат әдістерін кеңінен пайдалана отырып, машинашылар К. Ақанов, Ә. Жұмбаев жолдастар күніне 20 гектардың орнына, әрқайсысы 30 гектар жердің шөпін шауып жүр.

Колхоз өркендету, оның шаруашылығын арттыру, сөйгіп, жаңа табыстарға жету жолында аянбай еңбек етуде.

Б. ЖАҚЫПОВ.
(Өз тілшіміз).

Колхозда шабылған пішенді жыйнау, маялау жұмыстары ұйымшылдықпен жүргізілуде. Мұнда көздің өзінде 14130 центнер шөп маяланды. Пішен дайындауда, әсіресе, Елдәулетов жолдас бастаған пішеншілер бригадасы мен № 15 трактор отрядының механикаторлары жақсы көрсеткіштерге ие болып келеді. Шабындық шөпті маялауда К. Дүйсенбаев, Ж. Құсайынова тағы басқа жолдастар күнделік тапсырмаларын үнемі 1,5—2 есе етіп артық орындауда. Көзір колхоз бойынша дайындалған шөптің 20 проценті мал қоралары жанына тасып үйілді.

Қ. ЖАЗИН.

нашылары бригадирден нақты көзек, бағалы кеңес алып отырмайды, олар жұмысты өздері қалай ойлап жөн деп талса, солай істейді.

МТС директоры Лымарь жолдас бұл бригадаларда қан рет болды, онда орын алып отырған нәтижелікті де көрді. Алайда, неге екені белгісіз ол бұған жай нәрсе деп қарап, бригаданың жұмысына басшылық жасаудан қол үзген бригадир Порунов, оның көмекшісі Әлмурзаев жолдастарды қатаң тәртіпке шақырмай, олармен ымырашылдық жасап келеді.

Қоғамдық мал шаруашылығы үшін жемісін беріп қорын жасау міндеті—мал шаруашылығын оған әрі өркендетудегі ең маңызды, ең жауапты міндет. Бұл міндетті ойдағыдай жүзеге асыру шөп шабуудың және сүрлеудің қарқынды еселеп арттыруды, бұл іске барлық күшті сарқа жұмылдыруды, нақты басшылық жасауды талап етеді.

Ж. АМАНТАЕВ.

Егін шығымдылығы жоспарын асыра орындағаны үшін қосымша еңбеккүн есептегенде быйылғы жылы пар, күздік және зяб жұртуда өткен жылғы трактор бригадасының жұмысшыларына есептелген еңбеккүн де еске алынады.

Егін шығымдылығының жоспарлы тапсырмасын орындай алмай қалған күнде трактор бригадасы жұмысшыларынан әрбір орындамай қалған процентке бір проценттен еңбеккүн шегеріледі, бірақ, ол барлық еңбеккүннің 10 процентінен аспауы керек. Тағы бір ескеретін мәселе егер бұршақ, дауыл, су тасқыны тағы басқа табиғи апатқа ұшырағаны салдарынан егін шығымдылығы тапсырмасы орындалмай қалғандығын анықтайтын госстрахтың актылары болса ғана жұмысшылар еңбегі шегерілмейді.

Ауылшаруашылық жұмыстарын маусымдар бойынша МТС пен колхоз договорында көрсетілген мерзімде сапасы жағынан агроэкономикалық ережелерге сай етіп, тапсырманы асыра орындағаны үшін тракторшылар мен тіркеушілерге тура төлеумен тапқан еңбекақысына сөйкес мына жұмыстарда істегенде төмендегі мөлшерде үстеме еңбеккүн есептеледі. Көктемгі культивацияға, тырмалауға, тұқым себуге — 25 процент, отамалы дақылдардың қатараралығын өңдеуге — 25 процент, пар көтеруге және өңдеуге — 30 процент, зяб жұртуға — 45 процент, шөп жыйнауға — 40 процент, овоц, картоп, қант қызылшанын жыйнауға — 45 процент, мал азығын сүрлеуге — 50 процент.

Трактор бригадаларының бригадирлеріне, олардың көмекшілері мен есепші-май кұюшыларға үстеме еңбеккүн тапсырма бригадалар бойынша белгіленген мерзімде асыра орындалса ғана төленеді.

VI. Еңбеккүнге ақшалай және өнімдей ақы төлеу мөлшері

Трактор бригадалары жұмысшыларының тапқан еңбектеріне МТС ай сайын

ақшалай ақы төлеп отырады. Еңбеккүнге ақы төлеудің ақшалай көрсеткіші біздің

Трактор бригадаларының жұмысшыларының мамандығы

Әрбір еңбеккүнге төленетін ақша мөлшері

Тракторшыларға, трактор бригадаларының бригадирлері мен олардың көмекшілеріне	6 сом
Есепші-май кұюшыларға	3 сом
Комбайншылардың көмекшілеріне	4 сом
Тіркеушілерге	2 сом 50 тыйын.

Тапқан еңбеккүнге шағылған ақшалай ақымен бірге МТС трактор бригадаларының жұмысшыларына кепілді минимум мөлшеріндегі заттай ақы төлейді. Бұл трактор бригадаларының учасктерде егін шығымдылығы бойынша жоспарлы тапсырманы орындаған жағдайда есептеледі.

VII. Әрбір еңбеккүнге заттай ақы

төлеудің кепілді минимум мөлшері

Трактор бригадалары жұмысшыларының бұйыл жылы бойында тапқан еңбеккүндеріне заттай ақы төлеудің кепілді минимумы мынадай мөлшерде болады:

а) барлық маркадағы тракторлардың тракторшыларының жұмысты жоспарлы мерзімде орындағаны үшін тапқан әрбір еңбеккүндеріне 3 килограмнан, ал, тіркеушілердің әрбір еңбеккүндеріне 2 килограмнан заттай ақы төленеді;

б) жоспарлы тапсырманы толық орындамаған және жұмысты белгіленген мерзімнен кешіктіріп орындаған тракторшыларға, бұл жұмыстары үшін алған әрбір еңбеккүндеріне заттай ақы 2 килограмнан, олардың тіркеушілерінің әрбір еңбеккүндеріне—1,5 килограмнан төленеді;

в) трактор бригадаларының бригадирлеріне, олардың көмекшілеріне және есепші-май кұюшыларға заттай ақы төлеу кепілді минимумы бригадалары тракторшыларға есептелген мөлшердегідей белгіленеді. Егер трактор бригадасындағы тракторшыларға кепілді минимум өртүрлі мөлшерде есептелсе, онда бригадирге, оның

облыс бойынша мынадай мөлшерде төленеді:

көмекшісіне, есепші-май кұюшыға кепілді минимум орта есеппен белгіленеді.

Трактор бригадалары жұмысшыларының тапқан еңбеккүндеріне кепілді минимум мөлшеріндегі заттай ақыны машина трактор станциялары береді. Жылдың алғашқы жартысында тапқан астық 1 октябрьге дейін, ал, жылдың екінші жартысында тапқан астық — календарлы жылдың аяғына дейін беріледі.

Колхозда еңбеккүнге астықтың нақтылай берілгені кепілді минимумның мөлшерінен асып түскен жағдайда, колхоз трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларына еңбеккүнге нақты берілген астық пен кепілді минимумның арасындағы айырмасын береді. Еңбеккүнге берілетін басқа өнімдерді колхоз трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларына барлық колхозшылармен бірдей береді. Ақшалай табысты бөлген кезде колхоздар трактор бригадаларының тұрақты және маусымды жұмысшыларының тапқан еңбеккүндеріне басқа колхозшылармен бірдей берілетін тиісті қаржы сомасын МТС-тер мен арнаулы станцияларға өткізеді.

VIII. Трактор бригадалары жұмысшыларына берілетін

сыйлықтар

Бригада ауылшаруашылық жұмыстарын МТС пен колхоздың жасасқан шарығында көрсетілген мерзімде, агроэкономикалық ережелерге сай орындаса, онда МТС әрбір еңбеккүнге бригадирге 75 тыйыннан,

оның көмекшісіне 50 тыйыннан ақшалай сыйлық береді.

Маусымдық тапсырманы мерзімде орындап шыққан және тракторды, тіркеу машиналарын жақсы техникалық күтімде ұстаған тракторшылар мына мөлшерде ақшалай сыйлық алады: Доңғалақты трактордағы аға тракторшылар 525 сом, оның еменшігі—375 сом. Шығарып тапқан трактордағы аға тракторшы 600 сом, оның еменшігі —450 сом.

Жылдық тапсырманы орындап шыққаны және бригадаларға бекітіліп берілген машиналарды техникалық жақсы күтімде ұстағаны үшін трактор бригадасының бригадиріне 1125 сом, оның көмекшісіне 750 сом ақшалай сыйлық беріледі.

Жұмысты агроэкономикалық ережелерге сай атқарып, сонымен бірге, жанар және жағар май кұнының бригадирге 7,5 проценті, оның көмекшісіне және есепші-май кұюшыға 3,75 проценті, тракторшыға өзі үнемдеген жанар, жағар май кұнының 37,5 проценті есебіне сыйлық беріледі. Ауылшаруашылық дақылдарының негізгі түрлері бойынша белгіленген трактор жұмыстарының өндірістік жоспарын толық орындай алмаса, үнемделген жанар және жағар май үшін сыйлық берілмейді.

Трактор бригадаларының жұмысшылары даға жұмыстарында болмаған кезде ауылшаруашылық машиналарды жөндеу жұмысында, колхоздардың мал шаруашылығын механикаландыруда, тағы басқа МТС жұмыстарында еңбек етуге тиіс. Мұндай жағдайда трактор бригадаларының бригадирлеріне істеген әрбір жұмыс күніне 20 сом, немесе, нормасын орындаған әрбір жұмыс сағаты үшін 2 сом 50 тыйыннан алады. Бригадирге ақы төлеу мөлшері МТС-тегі жөндеу жұмысына белгіленген тарифты ақыға байланысты болмайды. Даға жұмыстарынан басқа жұмыстарда істеген трактор бригадалары бригадирінің көмекшілеріне, бірінші класты тракторшыларға, комбайншыларға, механик-комбайншыларға нормасын орындаған жұмыс күніне 18 сомнан, екінші класты трактор-

шылық жақтарын деркесінде көріп, оны болашақта болдырмауға тырысатын қадірлер болуы керек. Бала тәрбиелеудің белгілі бір ережесі жоқ. Әр баланы жақына, оның әрқайсысының өзіндік ерекшеліктеріне қарай тәрбиелеу әдісін өзін таңдап алуға тиісті.

Анна Родионовнаға 6-7 жастағы балаларды тәрбиелеу тапсырылған. Бұл жастағы балаларды тәрбиелеудің бір ерекшелігі —оларды мектепке түсуге дайындау керек.

6-7 жастағылар мұнда ересек саналады. Олар әр нәрсеге еліктегіш, көргенін өбден түсінгісі келіп тұрады. Сол сияқты, олар табиғат туралы, мектеп, оқу туралы әңгімелер тыңдауды сүйеді. Сондықтан да Анна Родионовна тәрбие жұмыстарына осыған бағыттайды. Балалардың арасында дауыстап қысқа әңгімелер, қызықты ертегілер оқуды ұйымдастырады. Олардың түсінбеген сұрақтарына түсінік беріледі. Сол оқылған әңгіме, ертегілердің

салды. Әріне бұлар көрсетілгендей реттер емес. Дегенмен бөбектердің осындай жақсы тақырыптарды таңдап алып соны қалай да суретке түсіруге талпынғанын көру Анна Родионовнаға ерекше бір қуаныш еді.

Анна Родионовнаның тәрбиеленуіндегілерден быйыл 20 шақты бала мектепке бармақ. Тәжірибелі тәрбиеші тәрбиелеген балалардың көпшілігі жыл сайын мектепке барған алғашқы күннен бастап-ақ үлгілі оқушылардың қатарына қосылып жүр. Бұл Анна Родионовнаның игі еңбегінің жемісі.

—Мен бөбектерге жақсы тәрбие беру үшін күш-жігерімді аямаймын. Өйткені олардың осы кезде жақсы тәрбие алуы болашақ өмірлері үшін көп әсер етеді, —дейді Анна Родионовна.

Анна Родионовнаның еңбегі қызықты, құрметті де еңбек.

М. БАЙҚАНОВ.

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ

Кино жиі көрсетілсе екен

Преснов ауданыдағы Байн колхозы шаруашылығы жыл сайын өсіп, колхозшылардың әл-ауқаты күннен-күнге жақсарып келе жатқан колхоз.

Колхоз шаруашылығы өсіп, колхозшылардың тұрмысын жақсарған сайын олардың мәдениеттілігі де арта түседі. Бұл мәдени-ағарту орындарының алдына зор талаптар қояды.

Алайда, Преснов аудандық мәдениет бөлімі оның меңгерушісі Батырев жолдас бұл міндетті әлі де болса көңілдегідей орындай алмай келеді. Әсіресе кино көрсету ісінде елеулі кемшіліктерге жол беріліп отыр. Мәселен «Баян» колхозының колхозшылары үшін соңғы үш ай бойына бірде-бір кино-картина көрсетілмеді.

Аудандық мәдениет бөлімі «Баян» колхозының колхозшыларына кино-картина көрсету жұмысын қашан жолға қояр екен?

А. ҚАПАНОВ.

Оқулықтар мектептерге қашан жеткізіледі?

Преснов ауданы, Николаевка орта мектептерінде өткен жылы оқулықтар өте тапшы болған еді. Соның нәтижесінде оқушылардың сабақ үлгерісі төмен болды.

Селолық тұтынушылар қоғамының председатели Шуланов жолдас өткен жылғы кемшіліктен тиісті қорытынды шығарып, оны быйыл болдырмауға тиісті еді. Алайда, бұлай болмай отыр. Оқу жылының басталуына санаулы-ақ күндер қалса да тұтынушылар қоғамы оқулықтар жеткізуді әлі күнге дейін ұйымдастырған жоқ. Аудан орталығынан мектептерге оқулықтар мен оқу құралдарын жеткізін берудің орнына, Шуланов жолдас «бұл бір-ақ күндік жұмыс қой» деп арқасын кеңге салуда. Ал, оқулықтар қоймаларда жатқанын біле тұра Преснов аудандық тұтынушылар қоғамының басшылары Шулановқа ешнәрсе демеуі таңқаларлық іс.

Б. ЕЛЕУСІЗОВ.

Облыстың ауыл шаруашылығы басқармасы ауыл шаруашылығы насихат басқармасының бастығы.

В. ЛИ.

Латин Америкаcының рыноктары үшін күрес

МОНТЕВИДЕО, 13 август. (СОТА). Баспасөздің хабарлары Батыс Германия мен Жапония компанияларының Латин Америкасы елдеріне өткізілген күшеюде өскендігін көрсетіп отыр.

Латин Америкасы елдерімен сыртқы сауда жасауға Батыс Германия жетекші орындардың бірін алып отыр. Бразилияның «Коррейо да манья» газетінде келтірілген «Банко Германосуд Американың» мәліметтеріне қарағанда, 1954 жылдың бірінші тоқсанында Батыс Германияның Латин Америкасы елдеріне жасаған экспорты 1953 жылдың бірінші тоқсанындағысынан 35 миллион доллар артық болған және баға есебімен алғанда 110 миллион доллардан асқан. Осы уақыттың ішінде Батыс Германияның Латин Америкасы елдерінен товар сатып алуы 2,5 еседей артып, 103 миллион долларға жеткен.

Батыс Германияның компаниялары өзінің капиталистік бәсекелестерінің, ең алдымен ағылшын монополияларының позицияларын әлсіретуге, сойтіп Латин Америкасының басқа елдерінің рыноктарында берік бекін алуға әрекеттенуде.

Ассошиэтед Пресс агенттігінің хабарына қарағанда, Батыс Германияның экспортшылары дүниежүзілік екінің сегізден кейінгі уақыттың ішінде Оңтүстік Америка рыногында өзінің ағылшын бәсекелестерін 1953 жылдың өзінде-ақ тұңғыш рет басып озған және Аргентинамен сауда жасауға маңызды позицияларды алып қойған.

«Коррейо да манья» газетінің көрсетуінше, Батыс Германияның Бразилияға экспорты 1949 жылдан 1953 жылға дейін 20 еседей артып, 2,051 миллион крузейроға жеткен. Бұл уақыттың ішінде Бразилиядан импорт жасау он еседей артып, үш миллиард крузейродан асқан. Бразилиядан Батыс Германияға кофе мен какао шығару ерекше түрде мықтап артқан. Мысалы, какао сатып алуға Батыс Германия бұрын Бразилияның бұл өнімін негізгі сатып алушылар болып келген Англияны ғана емес, сонымен қатар АҚШ-ты да басып озды.

Осы газеттің мәліметтеріне қарағанда, Батыс Германия 1954 жылғы январь-апрельде өз товарларын Бразилияға шығаруды тағы да арттырған — бұл жолы 1953 жылмен салыстырғанда екі еседей арттырған.

Батыс Германияның позициялары Латин Америкасының басқа да елдерінде: Чилиде, Боливияда, Уругвайда нығай түсуде.

Батыс Германияның компаниялары Латин Америкасы елдеріне капитал салудың көлемді программасын белгілеуде. Чилидің «Эль меркурью» газетінің хабарлағанындай, Батыс Германияның шаруашылық министрі Эрхард Чилиде болған кезінде, қант, қағаз, мыс шығару, мұнай, электр қуаты өнеркәсібіне, халық шаруашылығының басқа да салаларына Батыс Германия капиталын салу туралы Чили үкіметімен келісім жасауға жеткен. «Ла насьон» газетінің хабарына қарағанда,

Жуырда азық-түлік және өнеркәсіп үшін шикізат сатып алуына арнап Батыс Германия Боливияға 10 миллион доллар несиені берді. 1954 жылдың басында Крупн заводтарының неміс инженерлерінен құралған комиссия Боливиядағы пайдалы кен байлықтары шығарылатын орталықтардың бірсыпырасында болып қайтты. Бұл комиссия Боливияда қалайы рудасын өңдейтін завод салу мүмкіншіліктерін зерттеумен шұғылданды.

Батыс Германияның «Фарбенфабрикен А. Г.» фирмасы Аргентина үкіметінің рұқсат етуімен Аргентинада бояғыштар фабрикасының құрылысына елеулі сомалар қаржы салған.

«Коррейо да манья» газетінің хабарына қарағанда, Боин үкіметінің шаруашылық министрі Эрхард Латин Америкасы елдеріне жасаған сапарынан қайтып келгеннен кейін «Латин Америкасына, әсіресе төрт ел — Бразилияға, Аргентинаға, Чилиге және Уругвайға товар шығаруды екі есе арттыруды көздейтін бесжылдық жоспар жасаумен шұғылдана бастады». Газет Эрхард өткізген, өнеркәсіп иелері, банкирлер және үкімет өкілдері қатысқан кеңестерде экспортты ұлғайту жөнінде шаралар қабылданғанын атап көрсетті.

Латин Америкасы елдерінде жапон компанияларының бәсекелесуі күшеюде.

Жапонияның Бразилиядағы елшісі Камичуканың мәлімдеуі бойынша, Жапонияның Бразилиядан жасаған импорты 1953 жылы 1952 жылдағымен салыстырғанда үш есе артқан. Әсіресе, пайдалы кен байлықтары мен мақта импортына шығару мықтап артқан. Жапония мақта сатып алуға Англиядан кейінгі екінші орын алып отыр.

Чилидің «Ла насьон» газетінің мәліметтеріне қарағанда, Жапония Чили мысына зор назар аударуда. Жапонияның Чилидегі елшісі Наританың мәлімдеуіне қарағанда, Жапония Чилиден 80 мың тонна мыс сатып алуды ойлайтын көрінеді. Ассошиэтед Пресс агенттігі тілшісінің хабарлауына, Жапонияның «Кавасаки док» компаниясы кемелер, темір жол материалдарын және транспорт құралдарын сатып алуы үшін Чилиге 100 миллион доллар несиені беруге келіскен.

Жапония азық-түлік орнына ауысу ретінде жылына 90 миллион доллар сомаға темір, болат және машиналар беру туралы Аргентинамен келісім жасады. Жапонияның «Явата» металлургия фирмасы Аргентинаға 50 мың тонна рельс беруге шарт жасап қол қойған.

«Коррейо да манья» газетінің хабарына қарағанда, Жапонияның өнеркәсіп иелерінің миссиясы «жаңа рыноктар басып алу» мақсатымен 1954 жылдың орта шенінде Бразилияға және басқа бірнеше елдерге барып қайтқан. Америка конгресіндегі елдердегі жапон дилегациялық өкілдерінің 1954 жылғы мартта Мексикада болған кеңесі де осы мақсатты көздеген.

Кореяның азат етілуінің тоғыз жылдығына арналған Пхеньяндағы салтанатты мәжіліс

ПХЕНЬЯН, 15 август. (СОТА). Кеше «Моранбон» театрында қаһарман Совет Армиясының Кореяны азат етуінің тоғыз жылдығына арналған салтанатты мәжіліс болды.

Президиумда партия мен үкіметтің маршал Ким Ир Сен бастаған басшылары отырды.

Пхеньяның қалалық халықтық комитетінің председателі Чен Ен Нхо кіріспе сөз сөйледі. КХДР мен Совет Одағының Гимндері орындалды.

Кореяның азат етілуінің тоғыз жылдығы туралы Министрлер кабинеті председателінің орынбасары Тен Ир Лен баяндама жасады.

Баяндаманы КХДР үкіметі мен Кореяның Еңбек партиясы Орталық Комитетінің атынан Кореяны азат еткені үшін Совет Одағына қызу алғыс айтты. Бұдан кейін ол тоғыз жыл ішінде өткен жолды және республиканың демократиялық базасын биан әрі нығайту міндеттерін толық баияндап өтті.

Кореядағы советтік елші С.П. Суздальев құттықтау сөз сөйледі. Мәжілісте СОКП Орталық Комитеті мен Совет Үкіметіне құттықтау хат қабылданды.

Тунг-Жиядағы әскери аралас комиссияның мазмұндамасы

ШАНХАЙ, 13 август. (СОТА). Вьетнам информациялық агенттігінің хабарына қарағанда, Тунг-Жиядағы аралас әскери комиссияның 11 августа жарияланған мазмұндамасында былай делінген: Кхмердің қарсыласу үкметі әскерлерінің жоғарғы командованисі мен Вьетнам Халық армиясының жоғарғы командованисі соғыс қыймылдарын тоқтату туралы Женевада қол қойылған келісімді жүзеге асыру мақсатымен корольдік Камбоджаның қарулы күштерінің жоғарғы командованисімен кеңес жүргізу үшін Камбоджаға аралас әскери делегация жіберді.

„Европалық армияны“ құрастыру

БЕРЛИН, 12 август. (СОТА). «Ди нейе Дейтунг» газетінің хабарына қарағанда, «Германиядағы америка жоғарғы комиссары Конэнт Европадағы америка қарулы күштерінің бас квартирін Боннга әскери «жоспарлы» штабты жіберуге міндеттеген: бұл штаб «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договордың шеңберінде европалық армияға арналған неміс әскерлеріне америка соғыс көмегін көрсету туралы келіссөздер жүргізуге тиіс. Газет былай деп хабарлады: «Европадағы америка қарулы күштері бас команданысының орынбасары генерал Кук Конэнттің бұл өтінішіне жауап ретінде Боннга соғыс кеңесшілерінің шағын бір тобын жіберді. Бұл топ европалық қорғаныс бірлестігі туралы договор күшіне кіргеннен

Токиодағы антисоветтік арандатушылық жайында ССРО-ның Жапониядағы өкілдігінің мәлімдемесі

ШАНХАЙ, 14 август. (СОТА). Бізге мәлім болғанындай, фашистік «Айкокуто» партиясы мүшелерінің ұйымдастыруы бойынша ССРО-ның Токиодағы өкілдігіне 9 августа арандатушылық шабуыл жасалуына байланысты ССРО-ның Жапониядағы өкілдігі 14 августа Жапонияның сыртқы істер министріне мынадай мәлімдеме жолдаған:

«1954 жылғы 9 августа фашистік «Айкокуто» ұйымының Акао Бин басқарған бір топ арандатушылары мен басбузарлары Токиодағы советтік өкілдікке шабуыл жасаған. Шабуылшылар қақпаны сындырып, өкілдіктің тұрған жеріне кірген, аулада жүрген совет азаматы Худышкнді ұрып жарақаттаған, антисоветтік листовкалар мен плакаттар таратқан, ССРО өкілдігінің үйіне кіруге әре-

кеттенген. Мұндай жүгенсіздіктер көптеген жапон позацифдіктерінің көзінше жасалған. Бірақ, олар Акао Бин мен оның сыбайластары тарапынан жасалған мұндай жол беруге болмайтын әрекеттерді тоқтатуға қажетті шаралар қолданбаған.

Сөйтіп, Токиодағы совет өкілдігі жөнінде халықаралық қарапайым нормаларды бұрмалаушылық және зорлық-зомбылық жасаушылық ақтығы істелген.

Жапонияның сыртқы істер министрінің аталған фактіге назарын аудару келіп, ССРО өкілдігі жапон өкмет орындары ССРО өкілдігіне жасалған мұндай қылмысты әрекеттерді істегені үшін айыпты адамдарды қатаң жазалауға және мұндай әрекеттердің келешекте жасалмауына қажетті шаралар қолданады деп сенеді».

„Туапсе“ танкерінің экипажы мүшелеріне жасалып отырған озбырлық

ХАБАРОВСК, 14 август. (СОТА). Бұрын хабар етілгеніндей, АҚШ-тың соғыс-теңіз күштері 23 июльде Тайвань аралының оңтүстік жағында ашық теңізде жүрген советтік «Туапсе» танкерін ұстап алған.

«Туапсе» танкерінің командасын АҚШ-тың соғыс-теңіз күштері гоминданьдық соғыс-теңіз күштерінің саяси бөлімінің және екінші басқармасының (теңіз істері жөніндегі барлау басқармасы) қарамағына бергені мәлім болды. Гоминданьдықтар озбырлық жасап, «Туапсе» танкерінің командасына күш жұмсауда, команданы танкерді тастап кетуге мәжбүр етуге тырысуда. Чанкайшилік қаруланған агенттер команда мүшелерінің біреуін танкер-

ден алып түскен, ал қалғандарын топ-топқа бөліп, озбырлықтың адам төзгісіз жағдайында тұтқында ұстауда. Гоминданьдықтардың озбырлығына қарсы наразылық ретінде танкер экипажының мүшелері ашық жариялаған.

Американдық өкмет орындары «Туапсе» танкерінің командасын гоминданьдықтарға беріп, жоғарыда айтылған жүгенсіздіктерге өздерінің қатысы жоқ деген түр көрсеткісі келеді. Бірақ, олардың совет танкері командасының мүшелерінің тым болмаса біреуін Отанта опасыздық жасау жолына түсуге мәжбүр ету үшін гоминданьдық разведкаға барынша көмектесіп отырғандығы мәлім.

Советтік студенттік жастар газеттерінің бір топ редакторларының АҚШ-қа баруы жайында

Баспасөзде бұрын хабар етілгеніндей, 1953—1954 жылдары Совет Одағында болған американдық студенттік газеттердің бір топ редакторлары америка жастарының өмірімен, олардың оқу және тұрмыс жағдайымен танысу үшін Совет Одағының студенттік және жастар газеттерінің редакторларының үстіміздегі жылғы августта АҚШ-ға болып кетуге шақырды. Бұл шақыруды советтік студенттік газеттердің редакторлары мақұлдады.

Үстіміздегі жылғы 21 июльде советтік тиісті ұйымдар АҚШ-тың Москвадағы елшілігінен студенттік және жастар газеттері редакторларының кішікентай тобына АҚШ-қа баруына рұқсат беруді өтініді. Бірақ, осы күнге дейін рұқсат алуға мүмкіншілік болмай отыр. АҚШ-тың Москвадағы елшілігі рұқсат берудің орнына 7 августа былай деп хабарлады: мемлекет-

тік департамент кәзіргі уақытта АҚШ-тағы жазғы демалыстарға байланысты «ұйымдасқан студенттер аз» және сонымен қатар, «жастар арасындағы белсенділік елеуді емес» дегендерді сылтау етіп совет студенттеріне рұқсат беруді «кейінірек қолайлы жағдайда қарауға» ұйғарған.

Мемлекеттік департаменттің мұндай жауап беруі америка жастарының өмірімен танысу үшін совет студенттерінің АҚШ-қа баруының мүдделі болып отырған американдық ықпалды топтардың кедергіліктеріне кездесуге байланысты мемлекеттік департаменттің советтік студенттік және жастар газеттері редакторларының АҚШ-қа баруын белгісіз уақытқа дейін қалдырып отырғанына күмәндауға болмайды.

Азия халықтарының бірлігі мен ынтымағы үшін

ПЕКИН (СОТА). Индияның комму-Айылуы және Пакистанға соғыс маманда-

АҒЫЛШЫН ЛЕЙБОРИСТІК ПАРТИЯСЫ ДЕЛЕГАЦИЯСЫНЫҢ ПЕКИНГЕ КЕЛУІ

ПЕКИН, 14 август. (СОТА). Халықаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі Қытай халықтық қоғамының шақыруы бойынша бүгін Пекинге ағылшын лейбористік партиясының К. Эттли бастаған делегациясы келеді.

Делегацияны аэродромда қоғамның председателі Чжан Си-жо, халықтық саяси консультативтік советтің Бүкілқытайлық комитетінің председателі Го Мо-жо және Чань Шу-тун, Пекиндің мәрі Үш Чжань, сыртқы істер министрінің орынбасары Чжан Хань-фу, халықаралық қатынастарды зерттеу жөніндегі Қытайдың халықтық қоғамының, мәдениет министрлігінің, сыртқы сауда министрлігінің, шет елдермен мәдени байланыстар жөніндегі Қытай халықтық қоғамының жауапты қызметкерлері, қоғам өкілдері қарсы алды.

Сол сыяқты, делегацияны Англияның Қытай Халық Республикасындағы уақытша елшісі Хэмфри Треволян қарсы алды.

ОҢТҮСТІК-ШЫҒЫС АЗИЯДАҒЫ СОҒЫС БЛОҒЫНА ҚАРСЫ

ПЕКИН, (СОТА). Синьхуа агенттігі миыаны хабарлады: Жуырда Австралияның «Гардиан» газеті мақала жариялады, онда кәзір АҚШ Оңтүстік-Шығыс Азияда қурастырып жатқан соғыс блогы (СЕАТО) «американ билеп-төтеушілерінің бізді Қытаймен соғысуға бағыттауға және Австралия әскерлерінің Азияның қандай болсын бір халқына қарсы пайдаланылуын қамтамасыз етуге тырысушылығы болып табылады» деп жазды.

Газет Австралия үкметінің агрессиялық блокқа кіргісі келіп отырғанын сынады. Сөйтіп «австралиялықтардың Американың бұл жаңа агрессиялық жоспарларына қатыспауын» талап етеді.

«Гардиан» Австралияны «Қытайға танып, Тынық мұхит ауданындағы басқа елдермен достық қатынастар орнатып, сауданы өрістетуге және олардың тәуелсіздік правосын мойындау жолымен бейбітшілікті қамтамасыз етуге» шақырады.

Жаңа Зеландияның «Ниллс воис» газеті Жаңа Зеландияның коммунистік партиясының бас секретары Вилжокеттің мәлімдемесін жариялады. Жаңа Зеландияның ұлттық мүдделері, деп жазады «Оңтүстік-Шығыс Азия үшін договор жасаудың американдық жоспарларын қуаттамайтындығымызды батыл мәлімдеуді талап етеді».

Индия-Қытайда бейбітшілікке қол жеткі, бірақ Вашингтон бұл маңызды жетістікті жою үшін барлық күшін жұмсауда».

Жаңа Зеландия халқының мүдделері үшін «бейбітшілікті сақтап, — Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінің халықтарымен сауда және мәдени байланыстарын өрістетуге беру керек. АНЗЮС (Австралияның, Жаңа Зеландия мен АҚШ-тың соғыс одарғы) шартындағы хауіпті міндеттемелерден, біздің мүдделерімізге нұқсан келтіріп Құрама Штаттардың мақсатын қуаттауға әкеп соғатын міндеттемелерден біздің бастартқаны отырғандығымызды жұрттың бәрі айқын түсінетіндей ететін уақыт жетті».

программасын жүзеге асыруға Батыс Германия фирмаларын қатыстыру жоспарлары бар көрінеді, бұл шамамен 80 миллион долларға түспекші.

Бразилиядағы сайлау қарсаңында

Бразилия компартиясының сайлау алдындағы үндеуі

МОНТЕВИДЕО, 13 август. (СОТА). Бразилияда 3 октябрьде өткізілетін отырған ұлттық конгрестің, штаттардың заң шығару жыйнақтарының, муниципалдық советтердің ішінара сайлауына, сол сияқты губернаторлар мен префектер сайлауға байланысты Бразилияның Коммунистік партиясының Орталық Комитеті сайлау алдында үндеу жариялады.

Үндеуде былай деп атап көрсетілген: «Соңғы үш жылда Бразилияның экономикалық жағдайы мейлінше құлдырады: тұрмыс барған сайын қымбаттауда, валюта тез құнсыздануда, нақтылы жал-ақы шұғыл төмендеді, халық тұтыпатын бұйымдардың бағалары өсуде, пәтеракы, транспортпен пайдаланғаны үшін төленетін ақы артуда. Салықтар, шикізаттың бағалары, оқу үшін төлем өсуде. Осы уақыттың өзінде ірі помещиктер мен капиталистердің, сол сияқты американо-полициялары кәсіпорындарының пайдаларының мәнінде астрономиялық цифрларға жетіп отыр».

Үндеуге Варгастың үкметі үстем таптардың саяси партияларының қуаттауын сүйеніп, саяси террорды күшейтіп, елді американо-империализмінен бұрынғыдан да тәуелді жағдайға қойғаны атап көрсетілген.

Француз жұртшылығы Европада коллективтік хауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін күресуде

ПАРИЖ, 13 август. (СОТА). Француз парламентінің «европалық қорғаныс бірлестігі» туралы договорды бекітуін көздеп, Батыс Германияны қаруландыруды жақтаушылардың әдіс-айдалары Францияның әртүрлі саяси топтарының барған сайын өсіп отырған қарсыласуын туғызуда.

«Либерасьон» газетінің хабарына қарағанда, кеше депутат Пьер Андронің (тәуелсіз республикашы) председателдік етуімен «Француз армиясын және француз одағының біртұтастығын сақтау жолындағы күрестің ұлттық комитетінің» мәжлісі болған. Құрамына ұлттық жыйналыстың 200 депутаты, ұлттық жыйналыстың республика советінің мүшелері, республикалық совет пен француз одағы жыйналысының мүшелері кіретін бұл комитет «европалық армия» туралы договорға өзінің қарсы екенін тағы да көрсетті. Ұлттық комитет бұл договорды бекітуді жеңілдетуге бүркемеленген әрекеттер жасаудың қандайын болса да қабылдамады.

Францияның бірқатар көрнекті қоғам және саяси қайраткерлері баспасөз бет-

терінде Латин Америкасы елдеріндегі экспансиясы жер шарының бұл бөлегінде империалистік қайшылықтардың шиеленісе түскенін көрсетіп отыр.

тіледі. Халық, делінген үндеуде, американо-монополиялары хауіп туғызып отырған ұлттық өнеркәсіпті сақтап қалу үшін Совет Одағымен, Қытай Халық Республикасымен және халықтық демократия елдерімен дипломатиялық қатынастар орнату үшін бірігеді. Ол ұлттық суверенитетті қорғап, ұлттық байлықтарды Құрама Штаттар магнаттарының басып алуына қарсы шығады.

Үндеуде жұмысшылар, шаруалар, интеллигенция, ұсақ буржуазия, ұлттық буржуазияның топтары кіре алатын патриоттық күштердің кең коалициясын құруға мүмкіндік бар екені атап көрсетілген. «Біз, қай партияға жататындығымыз және сенімге қарамастан, барлық адамдарды бейбітшілік, ұлттық тәуелсіздік, демократиялық бостандықтар және халық үшін тұрмыстың жақсы жағдайлары жолында күресу үшін бірігуге шақырамыз, — делінген манифесте. — Халық өздерінің дауысын тұрмыстың қымбатшылығы мен аштыққа қарсы, елді Құрама Штаттардың отарлауына қарсы, ұлттық бостандық жолында, демократиялық бостандықтар мен бейбітшілікті қорғап күресуші адамдар үшін беруге тиіс».

терінде Батыс Германияны қаруландыруға және «европалық армия» туралы договорды бекітуге қарсы шықты. Мысалы, бұрынғы президент Венсан Ориоль европалық кеңес шақыру жөніндегі совет инициативасын қабылдамай тастамауды ұсынып, «Франс суар» газетінде былай деп жазды: «Егер ішінде үкметтік ұйымдарға кіріс алған нацистердің тарапынан хауіп барған сайын күшейіп отырған Германияны қаруландырса, бейбітшілік сақталды дегенге мен сенбеймін... Тек Европадағы коллективтік хауіпсіздік системасының шеңберінде ғана Германияны еркін түрде және бейбітшілікпен біріктіруге жетуге болады».

Венсан Ориоль «Совет нотасына бастартумен жауап беру ақылсыздық болар еді» деп атап көрсетеді.

Францияның финансы-экономикалық топтарының органы «Ажанс экономик э финансер» газетінің бас директоры Робер Боллак «европалық қорғаныс бірлестігіне» қарсы шықты. Ол герман проблемасын «европалық қорғаныс бірлестігінің» құрылуын көздеу тұрғысынан шешудің «жаңа қателіктері» бар деп жазды.

әскерлері жанындағы Германиядағы АБШ соғыс кеңесшілерінің тұрақты штабын құру үшін таяу уақытта жоспарлар жасаумен шұғылданады».

Швециядағы нәсер жауын

СТОКГОЛЬМ, 13 август. (СОТА). Стокгольмнің газеттері Норботтен губерниясында ұзақ нәсер жауынның салдарынан өзендер тасып, кейбір аудандарды су басып кеткенін хабарлайды. Сконе провинциясында өгінге қатер төнуде. Вестерландта жауыннан өгін құлап қалды, пішен жыйналмай жатыр, ал бұл мал шаруашылығына көп зиян келтіруі мүмкін. Осындай хабарлар Гетеборг — Бохус және Халланд провинцияларынан да түеті.

«КЕЛІСІМГЕ ЖЕТУГЕ ШЫНДАП ҰМТЫЛУ ҚАЖЕТ»

ЛОНДОН, 13 август. (СОТА). Наффис-тік «Нис ньюс» апталығы мақала жариялады, онда герман мәселесі жөнінде келісуге шақырады.

Апталық, егер «европалық қорғаныс бірлестігін» құру туралы договор бекітілген болса, онда «Германияны қаруландыру фактыға айналады» деп атап көрсетеді. «Батыстың ССРО ұсынысын (төрт держава сыртқы істер министрлерінің кеңесін шақыру туралы. —Ред.) қабылдап, келісімге жетуге жаңа бұрынғыдан бөрі батыл және шын тырысып көруге барлық негіздер бар... — делінген мақалада. — Көп мәселені шешу керек болып отырғандықтан және Женевада қол жеткен келісім қуанарлық деңгейі күш болғандықтан барлық мүдделі жақтардың өкілдері алдымен ымыраға келудің жолдарын таба білуге тиіс».

БЕЛЬГИЯДА СОҒЫС МАҚСАТТАРЫ ҮШІН ШАРУАЛАРДЫҢ ЖЕРЛЕРІНІҢ ТАРТЫП АЛЫНУЫ

БРИССЕЛЬ, 13 август. (СОТА). «Либер белижик» газеті Бельгияның ауыл шаруашылығы министрлігінің мәліметтерін жариялады: ол мәліметтерге қарағанда 1944 жылдан бері соғыс мақсаттары үшін Бельгия шаруаларынан 25—30 мың гектар жер тартып алынған. Газеттер шаруалардан тартып алынған жерлерде соғыс объектілері, сол сияқты стратегиялық жолдар салынды деп жазды.

ПСИХИАТОРЛАРДЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ БЕСІНШІ КОНГРЕСІНІҢ АШЫЛУЫ

НЬЮ-ЙОРК, 14 август. (СОТА). Юнайтед пресс агенттігі тілшісінің Торонтодан (Канада) берген хабарына қарағанда, онда психиаторлардың халықаралық бесінші конгресі өзінің жұмысын бастаған. Конгресті Канаданың денсаулық сақтау министрі Поль Мартин ашқан. Конгреске 48 елдің, оның ішінде Совет Одағының өкілдері қатысуда.

американо-партиясының саяси бюросы мәлімдеме жариялады, онда ол бүкіл-индиялық бейбітшілік советінің сентябрьді азиялық халықтардың ынтымақтастық айы ретінде атап өту жөніндегі үндеуін құттықтайды.

Премьер-министр Неру мен премьер Чжоу Эн-лайдың жуықта болған кездесуінен кейін, делінген мәлімдемеде, империалистік державалар Азия халықтарының бостандығын тұншықтыруға бағытталған өздерінің әрекеттерін бұрын болып көрмеген дәрежеде күшейтіп отыр. Сеато (Оңтүстік-Шығыс Азиядағы соғыс блогі. —Ред.) деп аталатынды және басқа соғыс шарттарын жасау жолымен Азия халықтарының арасында іріткі салып, оларды бір-біріне айдап салу әрекеттері жүргізілуде.

Индияға империалистік мемлекеттер тарапынан қысым жасалып, оған жаза жабылуда. Солтүстік Атлантика шарты басшыларының толық қолдауымен Португалия үкметі біздің жердегі өзінің иеленуіндегі жерлерге әскерлер өкелуде, жаптыласа аэродромдар мен базалар салып, Индияға хауіп туғызуда.

Америка — Пәкістан шартына қол қо-

ГОМИНДАНШЫЛАРДЫҢ КЕЗЕКТІ АРАНДАТУШЫЛЫҒЫ

ПЕКИН, (СОТА). Синьхуа агенттігі былай деп хабарлайды:

Гоминдан бандаларының Құрама Штаттардың сілтеуі бойынша Тайванда әрекет жасап жүрген қалдықтары Қытай Халық-азаттық армиясының күзет кемесіне тарпа бас салған және Чжаңцзян провинциясының шығыс ауданын бомбалаған.

9 августа 02 сарат 30 минутта гоминданшылардың екі соғыс кемелері Рущзянь

американо-америка қару-жарағының алғашқы топтарының әкелінуі Индияға қарсы соғыс желінің оған әрі өршітумен сәйкес болып отыр.

Цейлонның премьер-министрі Индияның Сеатоға тікелей болмағандымен, жанамалап болса да тарту үшін күш жұмсауда.

Индияның өз ішінде Индияның сыртқы саясатын қайта қарап, американдық соғыс саясатына төселуге шақырған кейбір зұлымдық дауыстар естілуде.

Міне, сондықтан да кәзір Индияның суверенитетіне нұқсан келтіретін, азиялық халықтардың арасына іріткі салып, оларды қуддануға және бұйыл дүние жүзін соғысқа қиліктіруге бағытталған бұл зұлымдық әрекеттерге қарсы барлық халқымызды көтеру қажет.

Бүкіл-индиялық бейбітшілік советінің Неру — Чжоу Эн-лай келісімінің бес принципі жанап қостауға шақыруына, оның Азия халықтарының бірлігі мен ынтымақтастығына шақыруына барлық патриоттар мен бейбітшілік және бостандық үшін күресушілердің бәрі үн қосуға тиіс.

провинциясындағы Тасуга таяу жерде Қытайдың Халық-азаттық армиясының күзет қызметін атқарып жүрген күзет кемесіне көшпен сариядтар атты және оған жауап оқ атылды.

4 августа 21 сағатта «РВ-4у» типті гоминдан бомбардировщигі Чжаңцзян провинциясының Шығыс бөлегіндегі Синьшань ауданын бомбалды, оталғыш және жарықшақты бомбалар тасталды.

ЭМБАРГО САҢСАТЫНЫҢ САЛДАРЫ

ЛОНДОН, (СОТА). Гонконгтың экономикалық жағдайы туралы жыл сайын жарияланатын таяудағы есебі Эмбаргоның Құрама Штаттардың сілтеуімен жүзеге асырған саясаты Англияның бұл отарының ішкі саудасына өте-мөте нашар әсер еткендігін көрсетті. 1953 жылы Гонконгтың Қытайға шығарған экспорттың көлемі 1951 жылғы экспорттың небары үштен бір бөлегіндей ғана болды. Соның өзінде АҚШ-тың Гонконгтың көптеген товарларын «Қытайдікі» деп жариялап, сатып алудан бастартуы салдарынан Гонконгтың Америка Құрама Штаттарына экспортты екі еседей қысқарды.

«Мончестер гардиан» газеті, американо-америка саясаты Гонконгтың экономикасына «аса өсімді соққы» болды деп жазды.

АҚШ КОРЕЯДАҒЫ УАҚЫТША БІТІМ ТУРАЛЫ КЕЛІСІМДІ БҰЗУДА

ПЕКИН, 13 август. (СОТА). Синьхуа агенттігі тілшісінің Кэсоннан берген хабарында былай делінген:

10 августа американо-америка жағы Кореядағы уақытша бітім туралы келісімді тағы да бұзды. 21 сағат 20 минутта американо-америка жағының үш қарулы әскери қызметшісі Мундуннидің жанынан, соғыс демарш-циялық линиядан солтүстікке қарай шамамен 500 метр жерде демилитарландырылған аймаққа өтіп, корей-қытай жағының күзет кемесінен атқарып жүрген азаматтық полициялықтеріне оқ атқылады. Атқылаудың салдарынан екі полициялық жараланды.

Редактор **Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.**

МЕМЛЕКЕТТІК ЗАЕМДАР ССРО-НЫ ӨРКЕНДЕТУДІҢ БЕСІНШІ БЕСЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРДЫ ОРЫНДАУҒА КӨМЕКТЕСЕДІ

1954 ЖЫЛҒЫ 30 СЕНТЯБРЬДЕ, МОСКВА ҚАЛАСЫНДА

Мемлекеттік 3 проценттік ішкі ұтыс заемының 41—негізгі, 7 қосымша тиражы өткізіледі.

Тиражда заемының 6 разрядына мына мөлшерде ұтыстар шығады:

ұтыс	мөлшері	негізгі тиражда	ұтыс	мөлшері	қосымша тиражда
50.000	сомдық	12 ұтыс	100.000	сомдық	6 ұтыс
25.000	сомдық	30 ұтыс	50.000	сомдық	30 ұтыс
10.000	сомдық	150 ұтыс	25.000	сомдық	150 ұтыс
5.000	сомдық	480 ұтыс	10.000	сомдық	480 ұтыс
1.000	сомдық	4200 ұтыс	5.000	сомдық	4800 ұтыс
400	сомдық	46128 ұтыс	1.000	сомдық	13800 ұтыс
			400	сомдық	49734 ұтыс

Негізгі тиражда барлығы 27901200 сомдық 51000 ұтыс

Қосымша тиражда барлығы 68343600 сомдық 69 мың ұтыс

ЗАЕМ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫ БАРЛЫҚ ЖЫНАҚ КАССАЛАРЫНДА ЕРКІН САТЫЛАДЫ ЖӘНЕ САТЫП АЛЫНАДЫ.

Облигациялар мына бағалармен сатылады:

200 сомдық облигациялардың тұрар бағасы	100 сомдық облигациялардың тұрар бағасы
августың 16-нан 30-на дейін 203 сом	101 сом 50 тыйын.
сентябрьдің 1-нен 15-не дейін 204 сом	102 сом.
сентябрьдің 16-нан 29-на дейін 205 сом	102 сом 50 тыйын.

МЕМЛЕКЕТТІК 3 ПРОЦЕНТТІК ІШКІ ҰТЫС ЗАЕМЫНЫҢ ОБЛИГАЦИЯЛАРЫН САТЫП АЛЫҢЫЗДАР!

Жыйнақ кассаларының басқармасы.

Киноларда

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6-30, 8-30, 10-30-да басталады.

«ОКТАБЬР» КИНОТЕАТРЫНДА

«КӨҢЛДІ ЖҮЛДЫЗДАР»

Сағат 6, 8, 10-да басталады.

Петропавл станциясындағы № 2 темір жол училищесіне өндірістік оқуға техникалық механика, материалдарды зерттеу, паровоздардың электр техникасы және электр жабдықтары, паровоздардың құрылысы және оларды жөндеу жөніндегі мамандықтар бойынша сабақ беру үшін мұғалімдер, өзгөні, паровоз және автотормоздар жөндеу жөніндегі слесарь мамандығы бойынша шеберлер керек.

Адрес: Петропавл станциясы, № 2 темір жол училищесі.

Дирекция.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй.

ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары — 1-59, секретариат — 1-33, партия, насихат және хабар бөлімдері — 0-22, транспорт бөлімдері — 2-36, мәдениет-тұрмыс және тілшілер бөлімдері — 3-39, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 5-53, газет табыс етілмесе — 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.